

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



International Taraz
Innovative Institute



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

ІТІ ЖАРШЫСЫ

№4 (47); қазан-қараша-желтоқсан 2021 жыл

МАЗМҰНЫ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ТЕХНОЛОГИЯ

БАС РЕДАКТОР Е.Б. Саурықов (Институт ректоры)	¹ ЖУМАБАЕВ М.М., ² ШЫРАҚБАЕВ А.Б., ИМАШЕВА А.	4
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА А.Б. Абдуалы, С.Д. Тәжібаев (ғылыми редактор), Г.А. Жұмабекова (жауапты хатшы)	Цилиндрлік температуралық кернеу СЕЙТБАЕВ ҚУАНДЫҚ ЖУМАБАЕВИЧ, ЖОЛДЫБЕК АЯУЛЫМ БОЛАТҚЫЗЫ «Биология» білім беру бағдарламасы білім алушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда зертханалық жұмыстың ролі СЕЙТБАЕВ ҚУАНДЫҚ ЖУМАБАЕВИЧ, КУРМАНБЕКОВА ЖАДЫРА БОЛАТОВНА	7
АЛҚА МҮШЕЛЕРІ Ж.Т. Сүлейменов, Қ.К. Молгаждаров Қ.Б. Байжанов, Қ. Бөлеев, Ж. Абдула, Н. Асқарбекқызы, А.Е. Сарсенова П.М. Маликтаева, М.Н. Немеребаев, М.Б. Оңғарбаева Т.Ю. Аманов (Өзбекстан), А. Сарыбаев (Қырғызстан) А. Каплин (Ресей), А.Р. Соколовский (Ресей)	Ботаника сабағында эксперименттер жүргізу және ұйымдастыру ерекшелігі СЕЙТБАЕВ ҚУАНДЫҚ ЖУМАБАЕВИЧ, АРЫСТАНБЕК АРУЖАН САЛАМАТҚЫЗЫ Жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде интерактивті оқыту әдістерін қолдану СЕЙТБАЕВ ҚУАНДЫҚ ЖУМАБАЕВИЧ, АУБАКИРОВА АЙДАНА ЖАҚЫПБЕКҚЫЗЫ Оқыту мен білім беруде қолданылатын инновациялық әдістер мен типтері MURATBAYEVA NURBIBI, KHANZHAROVA BAYAN The use of complex numbers in solving problems of analytical geometry on a plane ZHENIS SYNDAR, Y.S.SAPAZHANOV Basic methodological principles of studying the course of elementary mathematics СЕРІКБАЕВ Е.Қ. Ә. Бөкейханов уақытша үкіметтің торғай облыстық комиссары. ИБРАИМОВ Н.Л. Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметінің кейбір мәселелері.	12 18 22 27 33 38 45

ЭКОНОМИКА

ЖАНТАЕВА Г. М., АЙТБАЕВА Д. Т. Бухгалтерский учет как основа управления предприятием	53
ИСАҚОВ ҒАЛИ ЖҰМАБАЙҰЛЫ Қазақстан Республикасындағы инвестициялық климат және оған әсер етуші факторларды талдау ASHIRALIYEVA D.M., KIM T.A. Issues of development of the financial and credit system in	58

Журнал Халықаралық Тараз инновациялық институтының құрылтайшылығымен қазақ және орыс тілдерінде үш айда бір рет жарыққа шығады.	the republic of Kazakhstan. ЕСПЕРОВ ЕЛДОС ИЗБАСАРОВИЧ, СЕЙТОВ АЗАМАТ ДОСЫМОВИЧ Цифрлық трансформацияның бизнес пен іскерлік ортаға әсері МАХАШЕВА Ж.А., ИМАНБЕКОВА А.К., ҚОНАРБАЙ Ұ.Т. Қазақстан Республикасы экономикасының технологиялық жаңғыртуын басқару мәселелері ТАЖИБАЕВА Ж.С. Преимущества и недостатки международных стандартов финансовой отчетности	63 68 74 83
Қазақстан Республикасы, Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы № KZ70VPY00039800 нөмірімен 07.09.2021 жылы берілген.	ҚҰҚЫҚ АРГЫНБАЙ АЛИЯ ШАМШАРХАНОВНА, ДАТЕЕВА АЙБАЛА МЕЙРАМХАНҚЫЗЫ Киберқылмыстылықтың қазіргі жағдайы және оны алдын алу ЕРАЛИЕВА ЖАЗИРА ДУЙСЕНБЕКОВНА, ГАЗАЕВ АСХАТ ИБРАГИМОВИЧ Жеке адамдарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: адам өлтіруді тергеу ИМАНБАЕВ Қ. С., ЖУСИПОВА Г. Жасөспірімдердің қылмысының алдын алу мәселелері КАРАКУЛОВ КАЙДАР САМИГУЛЛОВИЧ, ТЕМИРБЕКОВ НУРЛЫХАН АЛИМХАНОВИЧ Труды президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева по модернизации общественного сознания КУРМАНАЛИЕВА Н.С., ТОХТАР АЗИЗАТ ЕСТИАРҚЫЗЫ ҚР Конституциясының құқықтық ұстанымдарын қалыптастыру және қазіргі заманғы мемлекет А.АСҚАРБЕКҚЫЗЫ, ЖЫРГАЛБЕКҚЫЗЫ АНАРА Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау: жүзеге асыру мәселелері. Халықаралық құқықтық міндеттемелер.	90 95 99 103 109 114
	ФИЛОЛОГИЯ ТАНАЕВ К. Т., АБДЫХАЙРАНОВ У. А. Еркін күрес, ерекшелігі, әдістері, бағыттары ДЖЕКЕНОВ П.С., КАСЫМОВА А.Д. Адамның жас дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі негізгі сипаттамалары ДЖЕКЕНОВ П.С., ДЖЕКЕНОВ Е.С. Дене шынықтырудағы экономикалық басқару	120 123

әдістері МУСАБЕКОВ С.Ә., МЕЙРБЕКОВ Т.Қ.	125
Әлемдегі баскетболдың даму тенденциясы УРАЗОВА Г.М., БЕКБЕРГЕНОВА М.Н.	128
Жеңіл атлетиканың жаттығуларының жалпы және жеке қауіпсіздік шаралары БЕЛБОТАЕВ АЛМАСБЕК БАТАНҰЛЫ	131
Адами капитал және тіл мәселесі МУСЛИМОВА ГУЛЬМИРА САНСЫЗБАЕВНА, КУРМАНБЕКОВА АЙГУЛЬ САУКЫМБЕКОВНА	134
Критическое мышление как основа полноценного образования КУРМАНБЕКОВА АЙГУЛЬ САУКЫМБЕКОВНА, МУСЛИМОВА ГУЛЬМИРА САНСЫЗБАЕВНА, ҚҰРМАНБЕКОВА АЙГҮЛ САУКЫМБЕКҚЫЗЫ, МУСЛИМОВА ГҮЛМИРА САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ	138
Формирование и становление критического мышления у учащихся на примере предмета " математика" в начальной школе. ЕРГЕШЕВА НУЛИФАР АБУАХАТОВНА	144
Взаимодействие работы школы и родителей по социализации в семье через сми	154

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ТЕХНОЛОГИЯ

ӘОЖ 539.37.

ЦИЛИНДРЛІК ТЕМПАРАТУРАЛЫҚ КЕРНЕУ

¹Жумабаев М.М. – физика –математика ғылымдарының докторы, профессор.

²Шырақбаев А.Б. – физика – математика ғылымдарының кандидаты

³ Имашева Алмагуль-магистр

^{1,2}Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз, Қазақстан.

³2-курс магистранты, Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз, Қазақстан.

Аннотация

Получены основные дифференциальные уравнения и методы решения задач. Приведены основные уравнения для плоской деформации и плоского напряженного состояния. Предлагается методы решения задач.

Annotation

Basic differential equations and methods for solving problems. Basic equations for plane strain and plane stress state are given. Proposed methods for solving problems.

Цилиндр материалдарының қасиеттерін білу, температурадағы байланыстың өзгеруіне қатысты есептердің шешуін қарастырған кезде, оларды қарастыру облысында темперираның мәнін және өмірге әсер ету жағдайын білу қажет екендігі туындайды. Мұндай жағдайларда температураның өзгеруін байқау, оның қалай қарай өсуін немесе кемуін білу өте қажетті біліктілік болып табылады [1-4]. Осындай есептерді шешу өмірге қажетті жағдайларды анықтайды.

Ішкі радиусы R_1 және сыртқы радиусы R_2 қабырғалы цилиндрді қарастырайық. Серпімді және физикалық параметрлері температураға тәуелді

$$\mu = \mu(T), \quad \nu = \nu(T), \quad \alpha = \alpha(T). \quad (1)$$

Мұндағы, μ – жылжу модулі, ν -Пуассон коэффициенті, α -сызықтық кеңею коэффициенті. Бұл коэффициенттер μ, ν, α, T - эксперимент түрінде анықталады. Температура T радиальдық r бағытта айтарлықтай өзгереді, ал осьтік z және дөңгелек φ бағытта өзгермейді.

Цилиндрдің тепе-теңдік теңдеуі

$$\frac{d\delta_{rr}}{dr} + \frac{\delta_{rr} - \delta_{\varphi\varphi}}{r} = 0 \quad (2)$$

түрінде жазылады.

1. Ұзын қабырғалы цилиндр жазық деформация жағдайында болады және Гук заңы төмендегіше болады:

$$\varepsilon_{rr} = \frac{1}{E} [\delta_{rr} - \nu(\delta_{\varphi\varphi} + \delta_{zz})] + \alpha T,$$

$$\varepsilon_{\varphi\varphi} = \frac{1}{E} [\delta_{\varphi\varphi} - \nu(\delta_{rr} + \delta_{zz})] + \alpha T, \quad (3)$$

$$\delta_{zz} = \nu(\delta_{rr} + \delta_{\varphi\varphi}) - E\alpha T.$$

Нүктенің радиалдық бағытта орны ауыстыруын u -десек, онда

$$\varepsilon_{rr} = \frac{du}{dr}, \quad \varepsilon_{\varphi\varphi} = \frac{u}{r}; \quad (4)$$

Келесі өлшемсіз шамаларды енгізсек, олар өлшемді шамалармен келесі қатыстармен байланысқан:

$$\sigma_{rr} = \frac{2\mu}{1-\nu} \bar{\sigma}_{rr}, \quad \sigma_{\varphi\varphi} = \frac{2\mu}{1-\nu} \bar{\sigma}_{\varphi\varphi}, \quad \sigma_{zz} = \frac{2\mu}{1-\nu} \bar{\sigma}_{zz}$$

$$u = R_2 \bar{u}, \quad r = R_2 \bar{r}. \quad (5)$$

Тепе-теңдік теңдеуі (2), физикалық (3) және кинематикалық (4) қатынастар өлшемсіз шамалармен келесі шамалар арқылы (сызықтың үстіндегі сызықшасын алып тасталық) байланысқан.

$$\frac{d\sigma_{rr}}{dr} + \frac{\sigma_{rr} - \sigma_{\varphi\varphi}}{r} + \sigma_{rr} \frac{d}{dr} \ln \frac{\mu}{1-\nu} = 0 \quad (6 \text{ а})$$

$$\varepsilon_{rr} = \sigma_{rr} - \frac{\nu}{1-\nu} \sigma_{\varphi\varphi} + \alpha(1+\nu)T \quad (6 \text{ б})$$

$$\varepsilon_{rr} = \frac{du}{dr}, \quad \varepsilon_{\varphi\varphi} = \frac{u}{r},$$

$$\varepsilon_{\varphi\varphi} = \sigma_{\varphi\varphi} - \frac{\nu}{1-\nu} \sigma_{rr} + \alpha(1+\nu)T, \quad (6 \text{ в})$$

$$\varepsilon_{zz} = \nu(\sigma_{zz} + \sigma_{\varphi\varphi}) - \alpha(1-\nu^2)T \quad (6 \text{ г})$$

Осы теңдіктерді пайдаланып (6а), (6б) теңдеулерден келесі теңдіктер алынады:

$$\frac{du}{dr} = -\frac{\nu}{(1-\nu)r} u + \frac{1-2\nu}{(1-\nu)^2} \sigma_{rr} + \frac{\alpha(1+\nu)}{1-\nu} \gamma, \quad (7)$$

$$\frac{d\sigma_{rr}}{dr} = \frac{1}{r^2} u + \left(\frac{2\nu-1}{2(1-\nu)} - \frac{d}{dr} \ln \frac{\mu}{1-\nu} \right) \sigma_{rr} - \frac{\alpha(1+\nu)}{1-\nu} \gamma.$$

2. Егер қалың қабырғалы цилиндр айтарлықтай аз биіктікте болса, онда ол жазық кернеулік күйде болады. Бұл жағдайда Гук заңы төмендегіше болады:

$$\varepsilon_{rr} = \frac{1}{E} (\sigma_{rr} - \nu\sigma_{\varphi\varphi}) + \alpha T,$$

$$\varepsilon_{\varphi\varphi} = \frac{1}{E} (\sigma_{\varphi\varphi} - \nu\sigma_{rr}) + \alpha T, \quad (8)$$

$$\varepsilon_{zz} = \frac{-\nu}{E} (\sigma_{rr} + \sigma_{\varphi\varphi}) + \alpha T.$$

Егер (5)-тен формулаларды пайдалансақ, онда (8) қасиетті төмендегіше жазуға болады:

$$\varepsilon_{rr} = \frac{1}{1-\nu^2} (\sigma_{rr} - \nu\sigma_{\varphi\varphi}) + \alpha T,$$

$$\varepsilon_{\varphi\varphi} = \frac{1}{1-\nu^2} (\sigma_{\varphi\varphi} - \nu\sigma_{rr}) + \alpha T, \quad (9)$$

$$\varepsilon_{zz} = \frac{1}{1-\nu^2} (\sigma_{rr} + \sigma_{\varphi\varphi}) + \alpha T.$$

Бұл жағдайда

$$\frac{du}{dr} = -\frac{\nu}{r} u + \sigma_{rr} + \alpha(1+\nu)T, \quad (10)$$

$$\frac{d\sigma_{rr}}{dr} = \frac{1+\nu^2}{r^2} u + \left(\frac{\nu-1}{r^2} - \frac{d}{dr} \ln \frac{\mu}{1-\nu} \right) \sigma_{rr} - \frac{\alpha(1+\nu^2)}{r} T.$$

Енді (7), (10) теңдеулер жүйесін біріктіріп мынадай түрде алуға болады:

$$u' = Au + bT, \quad (11)$$

Мұнда

$$u' = \{u, \sigma_{rr}\}, \quad A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} \\ a_{21} & a_{22} \end{pmatrix}, \quad B = \{b_1, b_2\}.$$

Жазық деформация кезінде

$$a_{11} = -\frac{v}{(1-v)r}, a_{12} = \frac{1-2v}{(1-v)^2}; a_{21} = \frac{1}{r^2},$$

$$a_{22} = \frac{2v-1}{2(1-v)} - \frac{d}{dr} \ln \frac{\mu}{1-v},$$

$$b_1 = \frac{\alpha(1+v)}{1-v}, b_2 = -\frac{\alpha(1+v)}{(1-v)}$$

және жазық кернеулік күйінде

$$a_{11} = -\frac{v}{r}, a_{12} = 1, a_{21} = \frac{(1+v^2)r}{r^2}$$

$$a_{22} = \frac{v-1}{r} - \frac{d}{dr} \ln \frac{\mu}{1-v},$$

$$b_1 = \alpha(1+v), b_2 = -\frac{\alpha(1-v^2)}{r}$$

алынады.

Кеңейтілген екі жағдай үшін келесі шекаралық ішкі шарт ($r_1 = R_1/R_2$) және сыртқы шарт $k_2 = 1$ беттерінде орындалады:

$$u(r_1) = u_1, u(1) = u_2; u(r_1) = u_3, \sigma_{rr}(1) = p_1; \quad (12)$$

$$\sigma_{rr}(r_1) = p_2, \sigma_{rr}(1) = p_3; \sigma_{rr}(r_1) = p_4, u(1) = u_4$$

Сонымен, (12) шекаралық шарттардың берілген шартына сәйкес, температураның орналасу шартына сәйкес (11) дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешу керек. Шекаралық есепті қалай шешу қажеттігі айтылған соң, оның қалай іске асыралатынын көрсетуге болады.

Қалың қабырғалы цилиндрдің қалыңдығын өзара тең n кесіндіге бөлейік. Әр аралықта температураны оның ұштарындағы температура мәндерінің арасында сызықты түрде аппроксимациялық. Берілген n -нің әрбір мәніне сәйкес, оны экспериментальды графиктен, ағымдық параметрлерге сәйкес μ, v, α параметрлерінің мәндерін табайық. Егер осы мәндерді (11) теңдеуге қойсақ, онда әрбір нүктеде анықталған болады. Теңдеулер жүйесі (11), (12) шешкен кезде, шешімдердің сызықтық комбинациясы әдісін пайдаланады. Бұл үшін Коши есебін әртүрлі екі сызықтық-тәуелсіз ішкі бетте $r_i = R_i/R_{i-1}$ шешу қажет. Шеттік есепті шешу нәтижесінде u, σ_{rr} -лерді $r_j = R_1 + (j-1)(R_2 - R_1)/n$ -ді ($j = 1, 2, \dots, n$) кесінде анықталады. Осындай есептерді шешкеннен соң (6), (9) қатыстардан кернеу мен деформацияның компоненттерін анықтайды.

Цилиндрлік бағананың өлшемдері $R_1 = 300, R_2 = 400, \pi/3 \leq \varphi \leq \pi/2$ келесі температураның варианттарымен шектелген: 1) ішкі беттік жазықтықта 60°C , ал сыртқы беттік жазықтықта 20°C ; 2) ішкі беттік жазықтықта 110°C , ал сыртқы жазықтықта 20°C ; 3) ішкі беттік жазықтықта 200°C , ал сыртқы жазықтықта 20°C . Мына бетте $R_1 \leq r \leq R_2$, $\varphi = \pi/2$ орын ауыстырулар u нольге тең және жанама кернеулер σ_{xy} нольге тең.

Кернеу құрамы σ_r , бағананың оң жақ ұшында созылмалы, ал оң шекарасының жоғарғы шекарасында оң максималды мән қабылдайды. Қатты бекітілген $R_1 \leq r \leq R_2$, $\varphi = \pi/3$ беттің $2/3$ бөлігінде σ_x қысады, ал басқа бөлігінде тартымды болады. Температураның орналасу реті бағананың қимасында өзгермейді, бірақ абсолют шамасы бойынша барлық нүктеде өседі.

Кернеудің σ_y құрамы цилиндрлік бағананың барлық нүктесінде қысушы болады. Барлық қарастырылған жағдайларда ол қатты бекітілген шекараның $r = R_1$, $\varphi = \varphi_1$ төменгі бөлігінде максималь мәнді қабылдайды. Температураның өсуіне байланысты сығушы кернеу барлық нүктелерде өседі. Төменгі нүктеде ($r = R_1$, $\varphi = \varphi_1$) температураның өсуіне байланысты кернеу σ_y жоғары қарай мына нүктеде $r = R_2$, $\varphi = \varphi_1$ өсуі тезірек болады. Ал жанама кернеу σ_{xy} орналасуы σ_x – тың орналасуына қарама-қарсы. Жанама кернеу σ_{xy} оң жақ бұрыштың жоғарғы бөлігінде теріс мән қабылдайды. Ал төменгі бекітілген жағында оң мән қабылдайды. Жалпы алғанда радиальдық беттермен қоршалған, цилиндрлік денелерде еханикалық қасиеттердің температураға тәуелділігін қарастыру қажеттілігі туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ержанов Ж.С., Каримбаев Т.Д. Метод конечных элементов в задачах механики горных пород. Алматы, Наука, 1975, 209 с.
2. Самогин Ю.Н., Хроматов В.Е., Чирков В.П. Метод конечных элементов, М., физатлит, 2012, 200 с.
3. Снеддон И.Н., Берри Д.С. Классическая теория упругости., Вузовская школа, 2008, 212 с.
4. Панферов В.М., Леонова Э.А. Киликовская Э.А. О напряженном состоянии цилиндрического свода в оссиметрическом температурном поле., Проблемы прочности, 1977, №5, с.13-16



ӘӨЖ: 378.147

«БИОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ РОЛІ

Сейтбаев Қуандық Жумабаевич.- а.ш.ғ.к.,
Жолдыбек Аяулым Болатқызы.- магистр
Халықаралық Тараз инновациялық институты «Биология және ауылшаруашылық мамандықтар» кафедрасы

Түйіндеме: Қазіргі уақытта «Биология» білім беру бағдарламасы түлегін даярлаудың негізгі құзыреттіктеріне білім беру бағдарламасында зерттеушілік құзыреттілік яғни болашақ биолог маман дайындаудың маңызды критерий ретінде қарау болып табылады. Мақалада «Биология» білім беру бағдарламасы оқу жоспарына сәйкес білім алушылардың зерттеушілік іс әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін зертханалық жұмыстардың ролі туралы қарастырылған.

Түйін сөздер: зертханалық жұмыс, кәсіби құзыреттілік, зерттеушілік құзыреттілік, теориялық білім.

Резюме: В настоящее время основополагающими компетенциями подготовки выпускника образовательной программы «Биология» являются

исследовательские компетенции в образовательной программе, т. е. важным критерием подготовки будущего специалиста-биолога. В статье рассматривается роль лабораторных работ, позволяющих формировать исследовательскую деятельность обучающихся в соответствии с учебным планом образовательной программы» Биология.

Ключевые слова: лабораторная работа, профессиональная компетентность, исследовательская компетентность, теоретические знания.

Abstract: Currently, the fundamental competencies for the preparation of a graduate of the educational program "Biology" are research competencies in the educational program, i.e. an important criterion for the preparation of a future specialist biologist. The article discusses the role of laboratory work, which allows students to form research activities in accordance with the curriculum of the educational program "Biology".

Keywords: laboratory work, professional competence, research competence, theoretical knowledge.

Қазіргі уақытта «Биология» білім беру бағдарламсы түлегін даярлаудың негізгі құзыреттіктеріне білім беру бағдарламасында зерттеушілік құзыреттілік яғни болашақ биолог маман дайындаудың маңызды критерий ретінде қарау болып табылады.

Биология білім беру бағдарламасы оқу жоспарына сәйкес білім алушылардың зерттеушілік іс әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін зертханалық практикумнан тұрады.

Зертханалық жұмыс теориялық білімді қолдануға, тереңдетуге және дамытуға бағытталған іс әрекет ретінде анықталуы мүмкін. Студенттер зертханалық жұмыс кезінде қажетті дағдыларды қалыптастырады. Биологиядан зертханалық жұмыстардың көпшілігі зерттеу жоспарына бақылау жүргізуді қамтиды. Кейбір зертханалық жұмыстар практикалық жаттығуларға ұқсас сипатта болады. Уақытты үнемдеу үшін зертханалық жұмыстарды орындау кезінде нұсқау карталарын қолданған жөн. Биологиялық материал бойынша зертханалық жұмыс сонымен қатар талдау, салыстыру, бағалау, қорытынды жасау, өз пікірін білдіру және оны негіздеу, ақпаратты жинақтау, жұмыс нәтижелерін әртүрлі формада (қорытындыда, тезистерде, логикалық диаграммаларда, кестелерде көрсетуге жалпы білім беру дағдыларын дамытады) [1].

С.И.Архангельскийдің (2004) пікірі бойынша зертханалық практикумның басты міндеті зертханалардың арнайы жабдықталған ғимараттарда эксперименттік зерттеулер негізінде теория мен практика байланысын орнату болып табылады. Студенттер өлшеу құралдарымен, аппараттармен, эксперименттік техникамен, қондырғылармен, техникалық жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын игереді, тікелей эксперименттік бақылаулар жүргізеді және зерттелетін құбылыстар мен процестерді түсінеді [2].

С.И.Зиновьевтің (2005) айтуы бойынша зертханалық сабақтар пәннің ғылыми теориялық негіздерін тереңдетіп оқуға, оқытудың жаңа техникалық құралдарын қолдана отырып, қазіргі заманғы әдістер мен тәжірибе жасау дағдыларын меңгеруге арналған [3].

Практикумды әзірлеу кезінде мынандай мақсаттар қойылады: студенттерге биологиялық құбылыстарды тәжірибеде зерделеуге мүмкіндік беру, оларды алуан түрлі, оның ішінде ең заманауи биологиялық микроскоптармен, аспаптармен жұмыс

істеуге үйрету; зертханалық құрал жабдықтарды баптау және тексеру бойынша қажетті дағдыларды үйрету.

Н.Г.Догадин (2003 ж.) пікірі бойынша зертханалық жұмыстың мақсаты студентке негізгі биологиялық құбылыстарды зертхана жағдайында қажетті биологиялық құрал жабдықтармен жұмыс істеуді үйрету және жұмыстың маңызды әдістерімен таныстыру ғана емес, сонымен студенттің шығармашылық ойлануы мен зерттеу дағдыларын дамыту болып табылады. [4].

Ю.В.Леонов және Л.Т.Прищепа, (1985 ж), зертханалық сабақтарда студенттердің танымдық қызметін жандандыру, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, зертханалық жұмыстарды орындау кезінде практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады [5].

Зертханалық жұмыстың мақсатына байланысты оқытушының материалдарды әлі де нашар меңгерген студенттермен айналысатын болса, онда қорытынды зертханалық жұмыстарды өзбетінше жоғары деңгейінде жүргізген жөн. Студенттердің іс-әрекетін тікелей бақылау игерілетін ең қиыны дағдыларды меңгеруге, оқытылатын теориялық ұғымдарды түсіну тереңдігін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен, студенттерге биологияны оқыту міндетті зертханалық жұмыстарды қамтиды.

Биология курсына зертханалық жұмыстар пәннің ерекшеліктеріне қарай құрылады және зерттеу кезінде қолданылатын құрал жабдықтар бірдей болуы мүмкін. Мысалы, ботаника, зоология, клетка биологиясы, микробиология пәндерінде зертханалық жұмыстарды қолдануда әр түрлі типтегі микроскоптар қолданылады.

Практикалық бағыттағы зертханалық жұмыстарды төмендегідей бөлуге болады:

-Биологиялық микроскоптармен өсімдіктер және жануарлар клеткаларының құрылысын зерттеу, бұл негізінен бірінші курс студенттерінің «Ботаника» және «Зоология» пәндерінде қолданылады;

Зертханалық жұмыстар қарапайымнан күрделікке дейін дамиды. Жоғары курстарда биология курсынан микроскопиялық зерттеулерде Өсімдіктер физиологиясы, Микробиология пәндерінен зертханалық жұмыстарда зерттелінетін объектілер алдын ала дайындалып қойылады. Бұл жерде өсімдік жасушаларында плазмолиз мен деплазмолиздерді бақылау жұмыстары жасалынады.

Зертханалық жұмыс кезінде пәннің ерекшеліктеріне байланысты генетикалық есептерді шешу жұмыстарында жасау көзделген. Сондай ақ, мәдени дақылдардың сорттары бойынша өзгергіштікті, түрлердің критерийлерін және ауылшаруашылық дақылдарының жасанды сұрыптау жолдарын зерттеуге болады.

Генетика пәнінен өзгергіштікті зерттеу, мысалы, өсімдік жапырақтары бойынша вариациялық өлшемдерді есептеуге болады.

Биология курсынан зертханалық жұмыстар оқу процесінде теориялық алған білімдерін зертхана жағдайында эксперименттер жасау және растау, кәсіби практиканың практикалық дағдыларды қалыптастыруға студенттердің шығармашылық дайындығының маңыздылығын құрайды. Зертханалық жұмыстың деңгейіне қарай сабақ кезінде студенттер оқытушының басшылығында бір немесе бірнеше жұмыстарды орындай алады. Мысалы, Зоология пәнінен бір клеткалы организмдерді түрлеріне қарай бір қанша студенттер орындауға болады.

Кез келген биология сабағында зертханалық жұмыстар оқытылатын пәндердің тақырыптарына сай болуы керек және алынған теориялық білімдерін

зертханалық жұмыс кезінде жинақтауға, жүйелеуге, тереңдетуге және бекітуге болады.

Зертханалық жұмыстар кезінде студенттерде дағды қалыптасады яғни студент зертханалық құрал жабдықтар түрін маркасын жұмыс жасау принциптерін игереді, алған білімдерін өндірісте немесе ғылыми зерттеу орталықтарында тәжірибеде қолдана білуді қалыптастырады, теориялық білімін практикада қолдана алады.

Зертханалық эксперимент кезінде студенттер жеке дағдыларды қалыптастырып дамытады, жобалық жұмыс жасауды меңгереді, конструктивті ойлай алады, алынған нәтижелерді аналитикалық талдайды. Студент зертханалық практикум кезінде жұмыстың мақсаты және міндеттерін шешуде дербестік танытады, жұмысқа жауапкершілікпен қарайтын болады және студент нақты мәліметтер алуға шығармашылық бастамалар жасауға дағдыланады. Біздің ойымызша биология білім беру бағдарламасы бойынша негізгі жоғары оқу компонентіндегі пәндер: Ботаника, Зоология, Клетка биологиясы және Микробиология пәндерінің оқу жұмыс жоспарына өзгерістер енгізіп зертханалық жұмыстар сағат санын көбейту қажет деп ойлаймыз. Әрине биологиядан зертханалық жұмыстар жоспар бойынша оқу жылының басында оларды орындауға бөлінетін сағат саны жұмыс жоспарымен белгіленеді. Сонымен кей жағдайларда зертханалық жұмыстардың жүктемесін жай оқушыларға бөліп беріледі. Бұл дұрыс емес деп ойлаймыз зертханалық жұмыстардың саңғатын бөлген кезде 5 жыл еңбек өтілі бар аға оқытушыларға немесе ғылым кандидаттарына бөлген орынды болады. Сондай ақ өндіріс жағдайында еңбек тәжірибесі бар немесе ғылыми зерттеу институттарында қызмет кеткен тәжірибелі оқытушылардың сағат жүктемесіне болғаны дұрыс

Биология пәндерінде зертханалық жұмыстарды жоспарлау кездерінде келесі дидактикалық мақсаттарды орындау қажет деп ойлаймыз.

1. Жалпы кәсіптік циклдегі пәндерге зертханалық жұмыстар басым орын алуы қажет болады. Бұнда маңызды биологиядағы теориялық ережелерді тексеру үшін қажет. Мысалы, Биохимия пәні бойынша өсімдік және жануар құрамындағы белок, көмірсуларды, майларды анықтау практикалық жақтанда өндірістік жақтанда маңызды.

2. Биологиядан кәсіптік дағдыларды қалыптастыру яғни оқуды бітірген түлек кәсіби жұмыс орнына барған кезде белгілі бір зертханалық жұмыстарды іс әрекеттерді кәсіби тұрғыдан пайдалануға болады.

3. Зертханалық жұмыстарды жоспарлау кезінде жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді оқытуда басым бағыт беру керек.

4. Аралас яғни зертханалық жұмыстармен практикалық жұмыстарды қоса алып бару бұл маманның кәсіби біліктілігін арттыруда дағды қалыптастыруда маңыздылығы жоғары.

Биология курсына зертханалық жұмыстардың мазмұны, тәжірибе қою арқылы тексеру, биологиялық заңдылықтарды анықтау оларды зерттеп биологиялық заттардың қасиеттерін сандық және сапалық сипаттау, құбылыстардың дамуын бақылау зертханалық жұмыстың негізгі мақсаты болады.

Жұмыстың мазмұны мен көлемі зерттеу материалының қасиетіне, пән аралық байланыстарға, зерттелетін жұмыстың теориялық маңыздылығына, зертханалық жұмыс нақты қалай орындалатындығына баса назар аудару қажет.

Сабақ кестесіне сай зертханалық жұмысты жоспарлауда – теориялық ережелерді нақтылаумен тапсырмаларды орындау барысында студенттер

биологиялық құрылғылармен микроскоптармен, аппараттармен жұмыс істеуді практикалық дағдыларын ескеру керек.

Зертханалық жұмыстың мазмұныны әзірлеу кезінде сол пәннің теориялық негіздердің барлық шеңберін қамту керек. Студент зертханалық жұмыста дағдыларды игереді.

Теориялық білімдерін жалпылайды, оны практика жүзінде қолдану қабілеті қалыптасады дайындық деңгейі дамиды, жоспар құруды игереді және қорытындылай алады.

Зертханалық жұмыстарды орындау және оларға кететін уақыт мөлшері сағатқа бөлінген пәннің силлабусына сәйкес болуы керек. Зертханалық жұмысқа бөлінген уақыт сол жұмысты толық орындауға және қорытындылауға толық жетуіне жоспарлау керек. Зертханалық жұмыс жасаудан алдын студенттер кафедра ережесі бойынша техникалық қауіпсіздік талаптарын өрт және электр құрылғыларды пайдалану, биологиялық қышқылдармен жұмыс істеу ережелерінен нұсқаулар өткізу жүргізіледі. Оған кафедрада бекітілген оқытушы лаборант жауапты болады. Зертханалық жұмысты орындаудан бұрын студент тапсырманы орындауға арналған нұсқаулықпен танысуы керек.

Оқытушы студенттерге әдістемелік құжаттар, нұсқаулар, тапсырмалар және тест тапсырмалары, жаттығулар, жағдаяттар таратып береді.

Биологиядан зертханалық жұмыс кезінде студент оқытушының бақылауында болуы керек немесе лаборант студенттің жұмыс реттерін бақылайды, көмек көрсетеді оларға түзетуші әрекеттер жасайды және жұмыстың дұрыс орындалғанын бақылап отырады. Студент зертханалық жұмысты жеке немесе бір неше студенттермен орындайды. Мысалы ботаника курсының зертханалық жұмысында бір студент клетканың құрылысын зерттесе екінші бір студент өсімдіктер гүлінен препарат дайындап зерттеу жұмыстарын жүргізуі мүмкін. Барлық зертханалық жұмыстар нұсқаулықта көрсетіледі.

Қазіргі кезде мазмұны бойынша және пәннің ерекшеліктері бойынша биология курсының зертханалық жұмыстары; -цитологиялық; -гистологиялық; -генетикалық; -экологиялық; -эволюциялық болып бөлінеді. Әрине зертханалық жұмыстар әрбір пәннің жұмыс жоспарына сай болуы керек.

Биологиядан зертханалық жұмыстардың алдына қойған негізгі мақсаттары теория мен практиканың байланысын ашу, биологиялық микроскоптар мен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, зерттеудің маңызды әдістерін практикалық игеру; экспериментті сауатты жүргізуге үйрету болып табылады.

Сабақ барысында практикалық оқыту әдісі ретінде биологиядағы зертханалық жұмыстардың құрылымы схема түрінде ұсынылуы мүмкін: - зерттелетін материалдың мазмұнының ерекшеліктері туралы сындарлы әңгіме, бақылаулар мен эксперименттердің орындалуы, нәтижелерді белгілеу, қорытынды тұжырымдарын қалыптастыру.

Осылайша біз биологияны оқыту теориясы мен әдістемесінде зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу проблемасына ғылыми көзқарастарды талдадық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Колесова М.С., Корякина С.В. Организация и проведение лабораторных работ по биологии. Шадринский государственный педагогический институт, Шадринск, Россия., 2010

2. Архангельский, С.И. Лекции по теории в высшей школе [Текст] / С.И. Архангельский. - М.: Высшая школа, 2004. - 385с.

3. Зиновьев, С.И. Учебный процесс в советской высшей школе [Текст] / С.И. Зиновьев. - М.: Высшая школа, 2005. - 316с.

4. Догадин, Н.Г. Усиление роли лабораторного практикума в теоретической подготовке студентов [Текст] / Н.Г. Догадин //Физика в системе современного образования (ФССО-03): Труды седьмой Международной конференции: сб. ст., Санкт-Петербург, 14-18 октября 2003г. / Ред. кол. С.В. Бубликов [и др.]- СПб.: РГПУ им. А.И. Герцена, 2003. - Т.1. - 199с. - ISBN 5-8064-0712-8.

5. Леонов, Ю.В. Формы активизации познавательной деятельности студентов на лабораторных занятиях с элементами проблемности [Текст] / Ю.В. Леонов, Л.Т. Прищепа / Формы и методы активизации познавательных интересов студентов в процессе преподавания физических дисциплин: Межвузов. сб. науч. трудов. / Отв. ред. А.Б. Варнавских. - Ростов-на-Дону: РГПИ, 1985. - 150с.



ӘӨЖ: 378.147

БОТАНИКА САБАҒЫНДА ЭКСПЕРИМЕНТТЕР ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Сейтбаев Қуандық Жумабаевич.- а.ш.ғ.к.,
Курманбекова Жадыра Болатовна.- магистр
Халықаралық Тараз инновациялық институты «Биология және
ауылшаруашылық мамандықтар» кафедрасы**

Түйіндеме: Мақалада жаратылған ғылымдары бакалаврлары арасында ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ете отырып, ботаника бойынша эксперименттер жүргізу ерекшеліктері және ұйымдастыру мен өткізудің тиімді әдістемесін әзірлеу қарастырылған.

Түйін сөздер: биологиялық білім беру, ботаника пәнінен дала практикасы, кәсіби дағдылар, далалық практика.

Резюме: В статье рассмотрены особенности проведения экспериментов по ботанике и разработка эффективной методики организации и проведения, способствующей развитию научно-исследовательских навыков среди бакалавров естественных наук.

Ключевые слова: биологическое образование, полевая практика по ботанике, профессиональные навыки, полевая практика.

Abstract: The article discusses the features of conducting experiments in botany and the development of an effective methodology for organizing and conducting, contributing to the development of research skills among bachelors of natural sciences.

Keywords: biological education, field practice in botany, professional skills, field practice.

Қазіргі кезде еліміде білім беру жүйесін жаңғырту процесі педагогикалық теорияның дамуымен және жоғары педагогикалық білім беру тәжірибесінің өзгеруімен бірге жүреді. Жаңа әлеуметтік экономикалық жағдайда адамның табиғатпен, мәдениетпен, қоғаммен табиғи қатынастары және тұлғаның қалыптасу процестері туралы жүйелі білім ерекеше мәнге ие болады. Биологиялық білім беру адам мен табиғи орта арасында туындайтын қайшылықтарды шешудің ең тиімді құралдарының бірі ретінде танылады [1].

Биологиялық білім беру саласындағы заманауи маман табиғат туралы білімнің аудармашысы ғана емес, сонымен қатар биологиялық және педагогикалық мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде де әрекет етуі керек. Студенттер алған білімдерімен іс-әрекет тәсілдерін жаңғыртып қана қоймай, оларды жаңа жағдайда өз бетінше қолдана білуге, алған білімдерін жаңа оқу-тәжірибелік міндеттерді шешуге білуге, жүзеге асыруға үйренуі керек, яғни, репродуктивті емес, трансформациялық әрекетерді орындауға дайын болуы керек. Бұл зерттеушілік әрекет, өйткені ол студенттің білімін тереңдету және жанарту қажеттілігін оятады. Зерттеу іс-әрекетінің негізін зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды орындау кезінде қалыптаса алатын дағдылар құрайды. Болашақ мұғалімдердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын меңгеру кәсіби маңызды міндеттерді шешуге қызмет етеді. Қазіргі уақытта білім беру саласында болашақ мамандарды даярлауда қызығушылықты, қажеттіліктер мен қабілеттерді қалыптастыруға бағытталған ғылыми- зерттеу қызметі үшін сапалы өзгерістер қажет [2].

Студенттерді ғылыми – зерттеу іс-әрекетіне дайындау мәселесінің жай- күйін зерделеу бізге мыналар арасында қалыптасқан бірқатар маңызды қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді:

-жалпы білім беретін мектептің мұғалім - зерттеушіге қажеттілігі және болашақ биология мұғалімінің зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың нашар дамыған теориялық әдістемелік негіздері;

-жоғары кәсіптік білім стандартында бекітілген кәсіби маңызды норма ретінде оқытушының ғылыми – зерттеу қызметіне дайындығын және педагогикалық кадрларды жалпы және кәсіптік даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларының сәйкессіздігін анықтайтын біліктілік талаптары;

-далалық оқу тәжірибесінде жоғары ғылыми- зерттеу әлеуетінің болуы және осы салада студенттерді репродуктивті оқытудың тәжірибесінің басым болуы. Бұл қарама- қайшылықтар өзара байланысты және жаратылстану ғылыми білім беру бакалаврын даярлаудың арнайы әдістемесін әзірлеу арқылы шешілуі мүмкін, мұнда негізгі міндеттердің бірі ғылыми-зерттеу қызметін дамыту болады.

Студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін негіздеу мен дамытуға байланысты біз шешіп отырған мәселенің өзектілігін де осыдан анықтайды. Таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі қоғамның әлеуметтік тапсырысының ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілетті биология мұғалімдерін даярлауға қойылатын талаптармен анықталады.

Зерттеудің мақсаты-жаратылстану ғылымдары бакалаврлары арасында ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ете отырып, ботаника бойынша далалық практиканы ұйымдастыру мен өткізудің тиімді әдістемесін әзірлеу.

Қойылған мақсатқа сәйкес келесі міндеттер анықталды:

1.Студенттердің ботаника пәнінен дала практикасы контекстінде зерттеу қызметі ұғымының мазмұнын нақтылау;

2. Ботаникалық пәндер бойынша оқу – зерттеу практиксының функцияларын анықтау;

3. Ботаникалық далалық тәжірибелерді ұйымдастыру принциптерін анықтау;

4. Жаратылыстану ғылыми білім беру саласындағы маманды дайындаудың құзыреттілік тәсілі тұрғысынан далалық практиканың мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау

5. Ботаникадағы далалық практиканың мазмұнын оқу – зерттеу міндеттерінің жүйесі ретінде анықтау;

6. Студенттердің ғылыми – зерттеу іс-әрекетіне қызығушылығын тудыратын тиімді әдістемелік шарттарды, әдістер мен оқу құралдарын анықтау;

7. Оқушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамытудағы табиғат нысандары мен табиғи ортаның рөлін анықтау.

Қазіргі заманғы биологиялық зерттеулерде әдістердің таным құралдары ретіндегі рөлі дәстүрлі жағынан зерттеу субъектісі мен объектісі арасындағы делдалдық болады. [3,4].

Бақылау барлық ғылыми зерттеулердің бастапқы нысаны болып табылады. Биологияда бұл зерттеу объектісі адам мен қоршаған ортаның тірі табиғаты болып табылады. Мектепте қазірдің өзінде ботаника, зоология сабақтарында өсімдіктер мен жануарлардың өсуі мен дамуын, бақылай отырып, ең қарапайым биологиялық зерттеулер жүргізеді.

Ақпаратты жинау әдісі ретінде бақылау хронологиялық тұрғыдан биология арсеналында, дәлірек айтсақ, оның алдындағы табиғи тарихта пайда болған зерттеудің ең алғашқы әдісі болып табылады. Бақылау адамның сенсорлық қабілеттеріне (сезім, қабылдау, бейнелеу) сүйенеді. Классикалық биология ең алдымен бақылау биологиясы. Бақылаулар тікелей немесе жанама болуы мүмкін, олар техникалық құрылғылардың көмегімен немесе оларсыз жүргізілуі мүмкін.

Қарапайым бақылаудан айырмашылығы, ғылыми бақылау қарапайым емес, объектілерді немесе құбылыстарды мақсатты түрде зерттеу екенін түсіну маңызды. Сонымен, бақылау-белгілі бір бөлікті, басқаша айтқанда, аспектіні шындықтан ажырату және осы бөлікті зерттелетін жүйеге қосу.

Өзін өзі тәрбиелеуге және рефлексияға қабілетті болашақ мұғалімдерді дайындаудың маңызды құралдарының бірі зерттеушілік әрекет екенін анықтау, өйткені ол студенттің білімін тереңдету, жүйелеу және жаңарту қажеттілігін қалыптастырады, ақпаратты іздеу және сыни талдау дағдыларын қалыптастырады. Зерттеу барсында ботаникадағы далалық тәжірибеде зерттеу қызметі түсінігіне анықтама беріледі, ол студенттердің биологиялық зерттеулерді өз бетінше және саналы түрде қолдануды көздейтін өсімдіктер дүниесі объектілері туралы жаңа білімдерді алудағы белсенді жұмысын қарастырады.

Далалық практиканың мазмұнына кіретін қызмет компонентінің құрамы негізінде ботаникадағы ғылыми- зерттеу іс –әрекетінің сипаты, оқу- зерттеу практикасы шеңберінде қалыптасуы қажет болатын зерттеу дағдыларының құрамы анықталады.

Ғылыми – зерттеу әрекеті әдістемелік және пәндік дағдылар, сонымен қатар теориялық жалпы биологиялық және қолданбалы ботаникалық сипаттағы дағдылар өзара әрекеттесетін интегративті сипатта болатыны анықталды.

Ғылыми зерттеу іс –әрекетінің тиімділігі бакалаврлардың зерттеу дағдыларын меңгеруіне байланысты.

Ботаникадағы далалық оқу-зерттеу практикасы практикалық оқытудың нақты түрі ретінде студенттерге саладағы жаңа мәселелерді шешу мақсатында алған білімдерін қолдануға жағдай жасайды, олардың биологиялық білім беру саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Практиканың құндылығы оның зерттеу қызметімен анықталады. Зерттеу қызметі ұжымдық, топтық және жеке тәжірибелік сабақтардың нысандарымен түрлерін олардың өзара байланысында пайдалану арқылы далалық тәжірибеде ғылыми- зерттеу қызметін ұйымдастыруды көздейді, танымдық белсенділікті ынталандырады және студенттердің интеллектуалдық дамуын, шығармашылығын және дербестігін қалыптастыруға бағытталған, ботаника бойынша білім алу қажеттілігін дамыту, кеңейту, жеке позициясын өзектілендіруге ықпал етеді.

Биологиядан практиканың маңызды кезеңдері - кәсіби дағдылар, оның ішінде ғылыми зерттеу қызметінің дағдылары мен дайындық, зерттеуге алынған ақпаратты өңдеу және талдау, сондай ақ тәжірибе бойынша есеп дайындау, ғылыми зерттеу қызметінің дағдылары болып табылады. [2].

Практикаға дайындық кезеңінде студенттер практиканың мақсаты мен міндеттері, далалық және камералық жұмыстардың жоспарымен, зерттеу әдістерімен, практика күнделігін жүргізумен танысады. Оқытушы студенттерге қажетті әдебиеттер, электронды мәліметтер базасы туралы ақпарат береді. Далалық зерттеулер кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама жүргізу міндетті болып табылады. Зерттеу кезеңінде студенттер тікелей табиғи зерттеулер жүргізеді, мысалы, бақылаулар жүргізеді, зерттелетін объектінің кез-келген параметрлерін өлшейді, өсімдіктер жинайды. Практика соңында алынған ақпаратты өңдеу және талдау, анықтамалық деректермен жұмыс жасау, шығармашылық және практикалық тапсырмаларды орындау. Практика қорытындылары бойынша білім алушылар есеп ресімдейді, сондай ақ олар баяндамалар, презентациялар дайындай алады, практика барысында алынған өз нәтижелеріне негізделген мақалалар жаза алады. Осылайша, студенттер бастапқы дағдыларды және ғылыми зерттеу қызметін дамытады. Дайындық бағыты бойынша оқу жоспары 6B05101-«Биология» білім беру бағдарламасы бойынша практика дағдыларын, оның ішінде бастапқы біліктер мен ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары бойынша тәжірибелер жинайды.

Ботаника бойынша далалық тәжірибе. Негізгі мақсаттары ботаникадан оқу практикасын қалыптастыру және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, сондай ақ студенттерді ботаникалық зерттеудің негізгі әдістерімен: теориялық, далалық зертханалық, эксперименттік әдістермен таныстыру, -жалпы кәсіптік және кәсіптік құзыреттерді қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;- ботаникалық табиғи жағдайда зерттеу жүргізу кезіндегі кәсіби дағдылармен танысу.

Практика барысында студенттер оқу процесінде алған теориялық білімдерін тереңдетеді және бекітеді пән бойынша аудиториялық және дербес сабақтар бойынша ботаникалық эксперимент жүргізудің жаңа әдістерін зерделейді, ботаникалық тәжірибе қою кезінде пайдаланатын қазіргі заманғы жабдықтармен жұмыс істеу әдістерін меңгереді, ботаникалық эксперимент жүргізудің біліктерімен дағдыларын дамытады, материалдарды жинау және өңдеу, ботаникалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу әдістерін меңгереді. Сонымен қатар студенттер табиғатқа деген сүйіспеншілікті, сауатты мінез құлыққа деген қажеттіліктерді қалыптастырады, студенттердің зияткерлік қабілеттері дамиды.

Оқу практикасы барысында студенттер келесі бөлімдермен танысады: кіріспе, тәжірибе өтетін жерлердің ерекшеліктерімен, өсімдіктер қауымдастықтарымен,

студенттер өсімдіктер биотасымен өсімдіктер флорасымен олардың тіршілік ортасының маңызды факторларын бақылайды: өсімдіктер түрлері, туыстары, экологиялық топтары, тіршілік ету жағдайлары, жеке органдарымен тамыр жүйесін зерттейді. табиғатта жиналған өсімдік үлгілерінің мысалында қарапайым және күрделі бақылау туралы ұғымдар, зертханалық зерттеу үшін өсімдіктердің бөліктері мен тұқымдарын іріктеу дағдылары пысықталады. Жиналған материалдар кафедраның зертханасына жеткізіледі. Өртүрлі табиғи қауымдастықтардың (орман, дала, шалғынды және т.б.) құрылымы мен түрлік өртүрлілігін зерттеу жүргізіледі. Сондай ақ студенттер қоршаған ортаның экологиялық жай күйінің критерийлері мен танысады. Зертханалық жағдайда деректерді статистикалық өңдеу жүргізіледі, қорытындылар жасалады.

Ботаника бойынша далалық тәжірибе (Өсімдіктер систематикасы).

Ботаника (өсімдіктер систематикасы) бойынша оқу практикасының негізгі мақсаттары: өсімдіктердің алуан түрлілігінің теориялық курсы, оларды жіктеу принциптерін, өсу, көбею ерекшеліктерін зерделеу кезінде алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын тереңдету болып табылады.

Практика кезінде студенттер биосфераның құрамдас бөлігі ретінде өсімдік жамылғысы, биосфераның негізгі құрылымдық бөліктері: фитоценоздар туралы нақты білім жүйесіне ие болады. Сонымен қатар, өсімдік жамылғысының негізгі түрлерін ажырата білу және олардың ботаникалық сипаттамасын диаграммаларда, фотосуреттерде және басқа да құжаттық материалдарда құрастыру дағдыларын қалыптастыру кезінде игере алады;

Сондай ақ студенттер экологиялық және географиялық жағдайларды бөлу арқылы өсімдіктер қауымдастығын білу; өсімдіктер қоғамдастығының қоршаған ортаға қалай және қандай дәрежеде әсер ететінін және антропогендік әсердің өсімдіктер қауымдастығына қалай әсер ететінін анықтайды. Студенттер фитоценоздардың әр түрі үшін нақты экологиялық шаралар қажеттілігі туралы түсінік алады; өсімдік жамылғысын дамытудың негізгі және айқын бағыттарын бағдарлау; геоботаникалық талдау негізінде өсімдік жамылғысын кем дегенде экономикалық бағалау дағдыларын игереді.

Өсімдік жамылғысын талдау әдістерін игеру осы арқылы зерттеу барысында жергілікті флораның (Жамбыл облысының флорасы) негізгі түрлерін зерттейді.

Практика барысында студенттер «Ботаника» пәні бойынша аудиториялық және дербес сабақтар процесінде алынған теориялық білімді меңгереді, ботаникалық ғылымның дамуының қазіргі заманғы бағыттарын зерделейді, далалық жағдайларда жұмыс істеу әдістерін меңгереді, табиғатта ботаникалық бақылаулар жүргізу, далалық табиғи және гербарий материалдарын жинау және өңдеу, геоботаникалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу біліктері мен дағдыларын дамытады, камериалдық өңдеу әдістерін меңгереді, зерттеу жұмысын ұйымдастыруда және ұжыммен жұмыс істеуде дағдылар мен біліктерді практикада пайдаланады. Сонымен қатар, студенттер табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастырады, студенттердің зияткерлік қабілеттері мен эмоционалды саласын дамытады. Жеке тапсырмаларды орындау көлемді кеңейтеді студенттердің практикалық қолдану саласындағы білімі негізгі фитоценоздардың маңызын анықтайды.

Практика барысында студент келесі тапсырмаларды зерттейді: өсімдік жамылғысы туралы түсінік, өсімдіктердің аймақтық және интерзональды түрлері. Тәжірибе аймағының топологиялық және экологиялық жағдайларының жалпы сипаттамасы. Тәжірибе аймағындағы өсімдіктерге антропологиялық факторлардың

әсері. Өсімдіктер қауымдастығы туралы түсінік. Фитоценоздың негізгі құрылымдық элементтері: денгейлер, ценопопуляция. Фитоценозды сипаттау әдістемесі. Ағаш қабаттарының құрамы мен құрылымы. Бұталы шөпті денгейлер. Фенофаза. Шалғындық өсімдіктер. Шабындық туралы түсінік. Су қоймалары мен жағалаулардың өсімдіктері. Су нысандарының жағасында өсімдіктер қауымдастықтарының таралуы, оның экологиялық жағдайы, су қоймаларының толып кету себептері. Батпақтықтардың өсімдіктері. Флористикалық құрамның түрі. Агрофитоценоздар. Тәжірибелік аймақтың мәдени өсімдіктерімен бірге арамшөптердің түрлері мен тіршілік формалары.

Ботаника сабағынан гербарий коллекцияларын дайындау (жинау, камералдық өңдеу, безендіру) студенттер үшін ботаника бойынша практикадан өтудің маңызды аспектісі болып табылады.

Ботаникадан оқу практикасы студенттерді ботаникалық зерттеулердің негізгі әдістерімен таныстыруға бағытталған алғашқы кәсіби дағдылармен, оның ішінде ғылыми зерттеулердің бастапқы дағдыларын алу орын алады. Теориялық, далалық, зертханалық, эксперименттік, сипаттағы нақты мәселелерді шешуде экологиялық жағдайларды бағалаудың қолжетімді әдістері мен құралдарын ұтымды таңдау білігін қалыптастыру және нормаланған көрсеткіштер мен әдістерді пайдалана отырып, ботаникалық зерттеулерді қоюды кешенді тәсілді қамтамасыз ету.

Практиканың міндеттеріне студенттердің жалпы биология, ботаникалық зерттеулер әдістері, өсімдіктер экологиясы, ботаника бойынша аудиториялық және дербес сабақтар процесінде алған теориялық білімдерін бекіту. Табиғатта экологиялық және биологиялық бақылаулар жүргізу, далалық материалдарды жинау және өңдеу, экологиялық және биологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу біліктері мен дағдыларын дамыту;- заманауи құрал жабдықтармен жұмыс істеу әдістерін игеру, зерттеу әдістерін тереңдетіп зерделеу және зерттеу жұмыстарын жүргізу, аймақтық денгейдегі экологиялық жүйелер мен табиғий және антропогендік заттардың таралуы туралы факторларды зерттеу және түсіну, жахандық биохимиялық процестерді зерттеу циклдері, орнықтылық механизмдері және биосфераның өзін-өзі реттеу шектері, нормалау, қауіптерді талдау әдістері, студенттердің зияткерлік қабілеттері мен эмоционалдық саласын дамыту. Жазғы далалық тәжірибенің нәтижесі студенттерде қалыптасқан қоршаған ортаны зерттеу және оның экологиялық және биологиялық жағдайын бағалау дағдылары болып табылады.

Осылайша, оқу процесінде практика кезінде студенттер ұтымды қойылымды үйренеді зерттеу мақсаттары мен міндеттері, ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс, қажетті әдістемені дұрыс таңдау, зерттеу нәтижелерін ресімдеу және оларды нақты баяндау, сондай-ақ зерттелетін объектінің экологиялық жағдайын жақсарту бойынша практикалық ұсынымдар әзірлейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Верзилин Н.М., Корсунская В.М. Общая методика преподавания биологии. М.: Просвещение, 1983. 384 с.
2. Кашина В.Б. Принципы организации исследовательской деятельности бакалавров естественно-научного образования на полевой практике по ботанике
3. Кондрашова И.Н., Кондыкова Н.Н. Реализация целей образования для устойчивого развития в организации экологической деятельности студентов / Природные ресурсы Центрального региона России и их рациональное

использование: Материалы Международной заочной научно-практической конференции, Орёл, 28 ноября 2017 г. Орёл: ФГБОУ ВО «Орловский государственный университет имени И.С. Тургенева», 2017. С. 221-226.

4. Кондрашова И.Н., Кондыкова Н.Н., Тяпкина А.П., Чувашева Е.С. Некоторые аспекты экологического и химического образования студентов, обучающихся на факультете естественных наук // Актуальные проблемы химического и экологического образования: Сборник научных трудов 64 Всероссийской научно-практической конференции химиков с международным участием, г. Санкт-Петербург, 13–15 апреля 2017 года. СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2017. С. 399-401.



ӘӨЖ: 378.147

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Сейтбаев Қуандық Жумабаевич.- а.ш.ғ.к.,
Арыстанбек Аружан Саламатқызы.- магистр
Халықаралық Тараз инновациялық институты «Биология және
ауылшаруашылық мамандықтар» кафедрасы

Түйіндеме: Болашақ маман өмір бойы өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылуы, жаңа ақпараттық сандық технологияларды меңгеруі және оларды пайдалану мүмкіндіктерін түсінуі, өз бетінше шешім қабылдауы, әлеуметтік және болашақ кәсіби салада бейімделуі, мәселелерді шешуі және топта жұмыс істей білуі қажет. Осындай қоғамдық және кәсіби белсенді тұлғаны тәрбиелеу қазіргі мектеп мұғалімдерінен жұмыстың мүлде жаңа әдістерін, тәсілдерін және формаларын қолдануды талап етеді. Мақалада ЖОО биология білім беру бағдарламасы бойынша оқу үрдісінде интерактивті оқыту әдістерін қолдану қарастырылады.

Түйін сөздер: құзыреттілік, білім берудегі инновация, технология, шығармашылық.

Резюме: Будущий специалист должен стремиться к самообразованию на протяжении всей жизни, владеть новыми информационными цифровыми технологиями и понимать возможности их использования, самостоятельно принимать решения, адаптироваться в социальной и будущей профессиональной сфере, решать проблемы и работать в команде. Воспитание такой общественно-профессионально активной личности требует от современных школьных учителей применения совершенно новых методов, приемов и форм работы. В статье рассматривается использование интерактивных методов обучения в учебном процессе по образовательной программе биология вуза.

Ключевые слова: компетенции, инновации в образовании, технологии, творчество

Abstract: A future specialist should strive for self-education throughout his life, possess new digital information technologies and understand the possibilities of their use, make decisions independently, adapt to the social and future professional sphere, solve

problems and work in a team. The upbringing of such a socially and professionally active personality requires modern school teachers to use completely new methods, techniques and forms of work. The article discusses the use of interactive teaching methods in the educational process according to the educational program biology of the university.


The acquisition of knowledge, and most importantly - the improvement of their quality, the development of thinking and ensure the development of the child [3,p 7].

Each of the principles pursues its own goal, which in one way or another has a positive effect on the effectiveness of training. The choice of the main principle in the teaching methodology depends on the level of knowledge and skills of the student, as well as at the discretion of the teacher. So knowing the learning audience, the teacher can use the principle of humanization. This principle is based on a personality-oriented model of education and training. At the same time, the main thing in learning should not be the transfer of knowledge and skills, but the development of the very opportunity to acquire knowledge and skills and use them in life, ensuring a sense of psychological security of the

child, taking into account his capabilities and needs. In other words, the personality-oriented model in learning is primarily the individualization of learning, the creation of conditions for the formation of a child as a person [6].

For example, the content and methodology of teaching are implemented in the principle of scientific and accessibility. The availability of training is ensured due to the students' knowledge and skills, the concreteness of the content. At the same time, the material being studied is presented in accordance with the rules - from the simple to the complex, from the known to the unknown, from the near to the far. In the process of studying mathematics, they often go from the general to the specific. New knowledge for children should be given in small doses, ensuring that they are repeated and consolidated with different exercises and used in different types of activities. Complex program tasks for students should be divided into a number of small tasks, planning the sequence in their assimilation [7].

Thus, in the course "Elementary Mathematics" it is advisable to consider the professional orientation of teaching elementary mathematics, while it is necessary:

- 1) systematize and summarize the main content of the school mathematics course, in order to prepare for further mathematical education;
- 2) to provide the future teacher with fluency in the subject that he will;
- 3) to teach future teachers of mathematics the basic techniques of solving problems of the school course of mathematics, and at different levels of complexity;
- 4) create conditions for teaching schoolchildren and students.

As for the teacher of the elementary mathematics course at the pedagogical university, he should pay attention to the identification of methodological skills and the conditions for their successful formation during the above-mentioned study of the subject and the workshop on problem solving. Methodological skills aimed at performing logical and mathematical analysis of educational material and teaching the solution of mathematical problems that consist of more "small" methodological skills is the primary task of a teacher of a pedagogical university when teaching a course of elementary mathematics using principles.

It cannot be said that each of the principles is independent and is a separate chapter of the elementary mathematics course. On the contrary, there is a connection and interdependence of principles. In the educational process, the whole system of didactic principles is implemented simultaneously, on a broad front. The effectiveness of the introduction of high-quality mathematical principles in elementary mathematics into the learning process at the university is justified by the fact that in the process of their implementation, the subject connects different, and sometimes very distant, mathematical knowledge into a single whole. The positive phenomena occurring after the application of the teaching methodology using the principles will allow students to deepen their knowledge and expand their opportunities in the scientific environment.

References

- 1 Shodiev M., Shukurov J. Preparation of future teachers for the course of elementary mathematics as a pedagogical problem // Scientific notes of Khujand State University. academician B. Gafurov. Humanities. 2012. No. 1 (29).
- 2 Ulyanova I. V., Sarvanova Z. A. Integration of mathematical and methodological training of students in teaching elementary mathematics // ITS. 2010. No. 3.

3 Zhirkov E. P., Petrova A. I., Argunova N. V., Efremov V. P. Course "Elementary mathematics" in higher school: history of development, current state, teacher training // NEFU Bulletin. 2007. №4.

4 Alonso-García, S.; Aznar-Díaz, I.; Cáceres-Reche, M.P.; Trujillo-Torres, J.M.; Romero-Rodríguez, J.M. Systematic Review of Good Teaching Practices with ICT in Spanish Higher Education. Trends and Challenges for Sustainability. Sustainability 2019, 11, 7150. [CrossRef]

5 Ammosova N.V. Development of a student's creative personality in teaching mathematics: Textbook / Astrakhan: AIPCP Publishing house, 2006. - 224 p.

6 Elementary mathematics. Algebra [Text]: (oku kuraly) / Meruert Askarova; Kazakhstan Republikasy Bilim zhane gylym ministerligi. Abai atyndagi Kazak Ul'tyik pedagogikalyk universitet. - Almaty : Karasai, 2013. - 456 p.; 21 cm.; ISBN 978-601-7049-18-8

7 Batkanova N.I. Professional and pedagogical orientation of teaching elementary geometry to students of pedagogical colleges: Dis.... Candidate of Pedagogical Sciences, spider. - Saransk, 1994



ӘӨЖ: 433

Ә. БӨКЕЙХАНОВ УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ТОРҒАЙ ОБЛЫСТЫҚ КОМИССАРЫ.

Серікбаев Е.Қ. т.ғ.к., доцент, М.Х. Дулати атындағы ТарӨУ.

Аннотация: В статье раскрываются стороны А. Букейханов как деятеля нации, сфера его служебной деятельности, мужество и героизм.

Ключевые слова: национально-освободительное движение, местные органы управления, деятель.

Андатпа: Ә. Бөкейханов –ұлттың жанашыры, қайраткері ретінде, оның қызмет қызметінің аясы, оның өрлігі мен ерлігі туралы мақалада айқындалып көрсетілген.

Кілтті сөздер: ұлт-азаттық қозғалыс, жергілікті басқару орындары, қайраткер.

Annotation: The article reveals the sides of A. Bukeikhanov as a national figure, the scope of his official activity, courage and heroism.

Key words: national liberation movement, local government bodies, activities.

Еліміз тәуелсіздік алғалы қазақ халқының азаттығы жолындағы күрескерлеріміз ортамызға оралып, олардың еңбектері тереңінен зерттелуде. Биыл ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы; ғұлама ғалым – ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі дарынды публицист Әлихан Бөкейхановтың туғанына 155 жыл толып отыр. Біз ұлт қайраткерінің тек бір ғана қызметінің аясында оның өрлігі мен ерлігін көрсетпекпіз.

Сол тарихи кезеңде патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет бүкіл империя көлемінде өрлеу алған ұлт-азаттық қозғалысты толық мойындамаса да, белгілі дәрежеде, онымен есептесуге мәжбүр болған еді. Жаңа үкіметтің қызметіндегі мұндай саяси бағыт қазақ облыстарын басқару ісінде де көрініс тапты. Ақпан революциясы жеңгеннен кейінгі уақытта жергілікті басқаруда, ел өмірін жаңа мазмұнда ұйымдастыруда азын-аулақ өзгерістер бола бастайды. Наурыз және сәуір айлары ішінде ескі әскери губернаторлық, уездік, болыстық және ауылнайлық басқару жүйелері жойылып, келмеске кетті. Олардың орнына Уақытша үкіметтің облыстық және уездік, болыстық және ауылдық деңгейде азаматтық комитеттер және олардың атқару орындары қалыптаса бастайды. Мамыр және маусым айларында бұларға қосымша облыстық азық-түлік комитеті, жер комитеті және басқа осы сияқты басқару орындары құрылады.

1917 жылы 16 наурызда батыс майдан штабы жанындағы земскі және қалалық одақтардың бұратана бөлімін басқарып жүрген Ә.Бөкейханов күтпеген жерден Петроградқа шақырылып, 20 наурыз күні Торғай облыстық комиссары қызметіне тағайындалады. Дәл сол күні «Қазақ» газетіне берген жеделхатында ол: «Торғай облысына комиссар болып бекітілдім, 23-не шығайын деп тұрмын. Жұртқа естіртіп: тыныштануды тілеймін» деп жазды [1].

Бірақ Ә. Бөкейханов 23 наурызда Орынборға аттанып кете алмайды. Өйткені ол жаңа ашылғалы жатқан кадеттер партиясының съезіне осы партияның орталық комитетінің мүшесі ретінде шақырылған еді. Ә.Бөкейханов съезге қатынасып, 26 наурыз күні сөз сөйлейді. Ол жөнінде М.Шоқаев былай деп жазды: «Мұжықтарға деп кескен, әлі мұжық орнамаған, оброчный статья деп алынған, ұзын сроқты арендаға, мысалы, барон Медем, Варун Секрет секілділерге берілген жерлер қашан Учредительное собрание дала облыстарының һәм Түркістанның жер мәселесін шешкенше, кешіктірмей бұрынғы иелерінде қайтарылуы керек деп Ғалихан кадет съезіне кеше доклад қылды. Ғалиханның докладын қабыл алып, тезірек орнына келтіру қамына кірісерге деп комиссияға тапсырды.

Сабыр етіп, шыдай тұрыңдар. Жаңа үкімет жай-жапсарларыңды біліп, көңілдеріңді тындырар. Мұстафа» [2].

Бұл Ә.Бөкейхановтың жаңа қызметке бекітілгеннен кейін сөйлеген алғашқы сөзі болатын. Ал оның ұсынысы бойынша, құрылған комиссия жұмысына біз алда өз ретіне қарай тағы ораламыз. Сәуір айының басында уақытша үкімет Түркістанды басқару үшін 9 адамнан тұрған Түркістан Комитетін құрады. Оның құрамына Ә. Бөкейханов та енген еді. Бірақ ол облыс комиссары қызметінен қолы босап, Түркістан комитеті ісіне араласа алған емес.

Ә.Бөкейханов Торғай облысының сол кездегі әкімшілік орталығы Орынбор қаласына наурыздың соңғы күндері жетеді де, сәуірдің 2-нен бастап облыстық қазақ съезіне облыстық комиссар дәрежесінде қатынасады. Осы арада облыстық (губерниялық) комиссардың міндетіне қысқаша тоқтала кету артық емес. Ол туралы Министрлер Кабинетінің төрағасы князь Львовтың Орынбор Комиссары Бөкейхановқа 15 сәуірде жолдаған № 1293/М жеделхатында мынадай деп көрсетіледі: « 1. Губернский Комиссар является носителем власти Временного Правительства в губернии и ему присваиваются все права и обязанности, возложенные законом на губернатора за исключением – отпавших вследствие происшедших в государственном строе изменений» [3].

Егер ескі патшалық әкімшіліктік бөлу жағдайында Қазақстан жері алты облыстан тұрғандығын, соның ішіндегі Торғай облысы құрамында Қостанай,

Ақтөбе, Ырғыз және Торғай сияқты ірі уездердің болғандығын ескерсек, Уақытша үкіметтің облыстық комиссары қызметі деңгейін аңғару қиынға түспейді. Бұған қосымша, қазақ елі патшалық Ресей құрамына енгеннен бергі уақытта оның бірде-бір өкілінің империяның әкімшілік жүйесінде губерниялық, облыстық деңгейді қойғанда, тіптен уезд бастығы дәрежесінде қызмет жасамағандығы мәлім. Империялық басқару жүйесінде қазақтар болыстық басқарудан жоғарғы қызметті иемденуге тиісті емес еді. Бұл тұрғыдан Ә. Бөкейханов ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыстық басшылыққа келген бірінші қазақ болатын.

Жоғарыда аталған жеделхатында үкімет төрағасы князь Львов, сондай-ақ облыстық комиссардың уездік комитеттермен бірге отырып, уездік комиссарларды таңдау және оны Ішкі істер министрлігіне бекітуге ұсыну, қажет болған жағдайда оған көмекшілер тағайындау, уездік комиссарлар арқылы болыстық комитеттер жұмысын басқару және басқа құқықтары жөнінде айтқан болатын. Осы және басқа құжаттардан облыстық комиссардың басқа билік орындарымен қатынас тәртібін де байқауға болар еді. Мәселен, Облыстық атқару комитеттері комиссардың қызметін бақылай алғанымен, бірақ оның нұсқаулары мен шараларына араласу, немесе комиссарға кеңес бере алғанымен, бұйыруға құқы жоқ болатын.

Ә. Бөкейханов сәуірде облыстағы жағдаймен танысып, қызметіне кіріскенде, оның алдында қисапсыз көп шаруа тұрғандығы түсінікті, бірақ, дегенмен, солардың ішіне ол үшін ең маңызды мынадай екі бағыттағы жұмысты бөліп айтуға болар еді. Олар, біріншіден, барлық деңгейдегі үкіметтік басқару орындарының қалыптасу процесінің аяқталуын тездету және, екіншіден, жаңа мекемелердегі орындарға лайықты кадрларды тауып, солар арқылы облыста тұрақты мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру еді. Бұл мақсатқа жету жолында 20-28 сәуір аралығында Орынборда өткен Торғай облыстық орыс және қазақ біріккен съезінің жағымды рөл атқарғандығын атап айтуға болады. Съезд басқару мекемелерін жасауда екі жұртқа бірдей қолайлы принциптерді бекітіп, ең ауыр мәселе – жер туралы сәуір басындағы қазақ съезі жасаған қаулығы тоқтайды. Ал ақпан төңкерісінен кейінгі уақытта, қалыптасқан жағдайға байланысты «көшкен мұжыққа ерік, мұжық Торғай облысынан көшсе, қазынадан көмек ақша берілісін.» деген мазмұнды шешім қабылдайды.

Съезд Торғай облыстық атқару комитетін сайлап, оның төралағына заңгер Ткачканы, оған орынбасарлыққа С. Кәдірбаевты, мүшелікке басқалармен бірге А. Байтұрсыновты, М.Дулатовты және Н.Бегімбетовты бекітеді. Съезде облыс көлемінде ескі болыстық, селолық және ауылдық әкімшілік мекемелерін жойып, оларды сол дәрежедегі атқару комитеттерімен ауыстыру туралы шешім қабылданады.

Ә. Бөкейхановтың тікелей басшылығымен өткен бұл съезде, сонымен бірге принциптік маңызы бар тағы да мынадай екі шешім қабылданған еді. Олар «атқаратын жұмысы жоқ болғандықтан Орал-Торғай переселен ауданының меңгерушісі, оның көмекшілері және одан төменгі буындарын жою» және «қызметін уездік атқару комитеттеріне тапсырып шаруа бастықтары (крестьянские начальники) мекемелерін тарату» жөнінде қабылданған қаулылар болатын. Бұл қаулылардың құндылығы сонда, облыстық съезд өтер алдында ғана облыстық комиссар атына орталық үкіметтен аталған мекемелерді қажеттілігіне сай қалдыра тұру жөнінде нұсқау келіп түскен еді.

Ә. Бөкейханов Ішкі істер министрі Леонтьевке берген № 351 жеделхатында съезд және өзінің шешімін «Шаруа бастықтары соғыс жылдары өздерінің тікелей міндеттерін тастап әскер үшін мал сатып алу ісімен айналысты. Жұрттың тіптен бұлардың лауызымының өзіне бастықтарын түгелдей қызметтерінен босатуға рұқсат беруіңізді өтінемін. Олардың атқаратын міндеттері азық-түлік комитеттеріне, өзін-өзі басқару орындарына және соттарға жүктеліп, іске ешқандай да нұқсан келмейтін болады» деп негіздеді [4].

Ә. Бөкейхановтың қызметке кіріскеннен кейін уездік комиссарларды тағайындау ісімен айналысқанын байқаймыз Мәселен, ол 5 сәуірде ішкі істер министрі Щепкиннің Қостанай уездік комиссарын тездетіп бекіту туралы ұсынысына байланысты, бұл қызметке заңгер Ахмет Бірімжановтың тағайындалғанын хабарлайды. Нақ сол күні Петроградтан облыстық комиссардың Торғай уездік комиссары етіп учитель Ғұмыр Алмасовты тағайындау туралы ұсынысының қабыл алынғандығы туралы хабар жетеді. Шамамен, осы мезгілде Ырғыз уездік комиссары болып Тобыл округтік сотының мүшесі Ғабдолла Теміров бекітіледі. Ал өзі негізгі қызметімен бір мезгілде Ақтөбе уездік комиссары болып тағайындалады. Облыстық комиссар өзіне көмекке қазақ қызметкерлерін де тарта бастайды. Облыстық комиссар кеңсесінде ерекше тапсырмалар чиновнигі қызметін Есен Тұрмұхамедов және Абдул-Хамид Жолдыбаев атқара бастайды. Шамамен, осындай қызметке Сағындық Досжанов та тартылған еді.

.Бөкейханов комиссарлық қызмет атқара жүріп өзінің артынан ерген, әсіресе майдандағы бұратана бөлімінде бірге болған белсенді жастар алдындағы борышын ұмытқан емес. Мәселен, оның бұйрығы бойынша Киевтегі бұратана бөлімінің бұрынғы бастығы Мырзағазы Есболов Богуруслан уездік комиссарының орынбасары, Минскіде бұратана бөлімінің бұрынғы хатшысы Елдес Омаров Торғай уезі 2 учаскесінің шаруалар бастығы міндетін уақытша атқарушы болып бекітіледі.

Тағы да бір факті келтіре кетелік. Облыстық комиссар 1917 жылы 5 тамызда Орынбор округтік сотының төрағасына Әзімбек Бірімжановтың тілмаштық қызметке ұсына отырып, мынадай мінездеме береді: «...Гр. Беримжанов по окончании реального училища в этом году по моему приглашению ездил на фронт в Киев для эвакуации киргизских рабочих на родину, при этом оказался весьма способным и работающим не за страх, а за совесть работником. По убеждениям, как большинство моих близких знакомых молодых киргизских народников в духе народников 70-х годов. Надеюсь, что гр. Беримжанов оправдает мою надежду и будет хорошим переводчиком Оренбургского Окружного Суда» [5].

Мемлекеттік басқарудағы осындай өзгерістермен бір мезгілде ескі билік тұсында өз қызметінде түрлі заңсыздықтар мен зорлықтарға жол берген патша чиновниктерін қызметтен аластау, айырма тарту процесі де жүріп жатқандығын айтып өткен жөн. Ә. Бөкейханов ішкі істер министрі Леонтьевке жолдаған № 350 жеделхатында 1917 жылдың 4 мамырына дейінгі уақытта губернатор Эварсманнның, вице губернатор Обухлвтың, аға кеңесші Агаповтың, Шаруа бастықтары Витман, Куфтиннің, приставтар Сиротенко, Ткаченко, Полуднев, Тарасенко, Данковцев, Прокоповтың, тілмаш Тунгачиннің қызметтерінен босатылғандығын хабарлайды [6].

Комиссарлық қызметке кіріскеннен кейінгі уақытта Ә.Бөкейхановты қатты алаңдатқан мәселе, қазақ жұрты арасындағы жергілікті басқару орындары – облыстық, болыстық және уездік комитеттерді құру ісі болды.

Деректердің көрсетуіне қарағанда, ауылдық жерлерде ескі феодалдық топтар жаңа құрылып жатқан азаматтық комитеттердің жұмысына түрлі кедергілер жасап, тіптен қайсібір бұрынғы болыс бастықтары үкімет орындарының кеңсе мен іс қағаздарын жаңа ұйымдасқан комитеттерге өткізу жөніндегі нұсқауларын орындаудан бас тартады. Мәселен, мұндай жайлар Ақтөбе уезінде Бөрілі, Тоқан, Қобды, Аралтөбе және басқа болыстарда болған еді.

Ә. Бөкейханов өзінің № 591, 594, 665 және 670-бұйырықтарымен бұрынғы болыс бастықтарына тез арада кеңселерін із қағаздарымен жаңа комитеттерге өткізу туралы нұсқау беріп, олардың істерін бұдан бұрынғы жарлықтарды орындамағаны үшін сотқа бергізеді. Облыстық комиссардың С.Досжанов, Е.Омаров және басқа өзінің сенімді өкілдерін ел арасына комитет жұмысын ұйымдастыруға жіберіп, қайсыбір болыстардағы қалыптасқан жағдайға тікелей өзінің араласып отырғанын байқау қиын емес. Ол комитет жұмысын ұйымдастыруға байланысты жариялаған материалында, комитеттер құру жөніндегі облыстық съездің шешімін көлденең тартып: «Бұл съезд қаулысы – закон. Бұған мойынсұнбасқа болмайды. Жұрт жөн білсе, өзі істер қояр еді. Ескі болыс, би, ауылнайлар мұны қылмай отыр. Енді бұл іске жоғарғы хакім кріспек. Қазақтың жұртын бастаған ақсақалы, азаматы өз қадірін өзі кетіркөк болып тұр», - деп, жаңа құрылып жатқан комитеттердің қызметіне ескі мазмұн бермек болған атқамінерлерге арнап мынаны айтады: «Жаңа үкіметтің қолынан келмес, қолынан келсе момынды атқамінерлердің жеуінен тияр.

Бұрынғы болыс, би, ауылнай, бұларға баташы болған жемтіктес қажы, ақсақалдар бұрынғыға салып, партия шығарып, елді бүлдіріп, шаруаны күйзелтіп жүр. Бұлардың көздегені – тағы комитет адамы болып, момынды жеп, мал табу. Бұл бола қояр ма екен?» [7].

Комиссар Ә. Бөкейхановтың осы кезде түрлі тақырыптарға жазған мақалаларында бұқара халықты ғана емес, ел ішіндегі атқамінерлерді де имандылыққа, адамгершілікке, жоғары саналалыққа шақыру орын алды және оның бұл айқындамасы сол кездегі ағартушылық көзқарасынан туындап жатқаны анық, «Қазақ-ау! Оян! – деп жазды ол. – Мұжық көші жүріп кеткенде жұртта қалып жүрме! Мұжық көші отырып, бостандық, құрдастық, туысқандық шарапатын пайдаланғанда, ілгері басқанда, мүйізге ұрған сиырдай шыр айналып, кейін қайтып, көрші жұртқа балаңды жалшы, малшы, құл қылып беріп, жұрағаттың обалына, Алаштың баласы қылып жүрме!» «Қазақ жұрты, - деп жазады ол тағы бір мақаласында, - адам болып, ғұмыр тұрмыста мұжық көршімен шаруа таластырып, тарқы жолына кірісетін болғанда комитетке жұрттың пайдасын қуған, жұрттың қамын ойлаған азаматты сайлаған оң» [8].

Комитеттер майлау ісінде ғана емес, халық соты, билерді сайлау жұмысын ұйымдастыруда да ол осы айқындаманы ұстанды, елді бұл зәру мәселені тура, әділ шешуге шақырды. «Біздің қазақ жұртына айтатын тілегіміз, - деп жазды ол, - биге таласпаңдар, биді таланға салмаңдар. Әділ бисіз жұрт болмақ емес. Таза би партияда да жоқ болады. Партия биі әділ болмайды.

Англия биі дегенде, жер үстіндегі адам баласы ішкен асын жерге қояды. Англия биі бір ауыздан партиясыз сайланады, әділ болады, адамнан қорықпайды.

Партия сайланған, таланмен болған биде не қасиет, не әділдік, не ерлік болады. Бұл бір қоянша алақтаған сорлы да. Мұның алдында әділ билік қайтіп болады...

Шариғатта қисық билік айтқан бидің орны дозақта деген. Осы билерді біздің қажы молла, ақсақалдар жетелеп алып жүр. Бұл қалай? Мұсылманшылықтарын қайда?».

Ә.Бөкейханов комиссарлық қызметте тұрғанда қазақтың ескі, күні өткен әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен мүмкіндігі болғанша күрес жүргізгенін байқаймыз. Қазақ қоғамындағы сондай мәселелердің бірі әйел теңдігі болатын. Құжаттық материалдар комиссардың неке дауына жиі араласып, әйелдердің табиғи құқын, жеке бас тәуелсіздігін қорғайтын шараларды іске асырып отырғандығын көрсетеді. «Дүниеда адам баласы айналып өтпес екі-ақ көпір бар: бірі - өлім, бірі махаббат. Қалқаман мен Мамырдың жалынғаны махаббат емес пе еді.. Сүйіскен екі ғашық «молла айтты, шариғатта солай» деп тұра ма? Махаббат адамды байлағанды шариғат пен моллаға уақыт қала ма?» деп білген қайраткерлердің жесір дауы, қалыңмал дауында әйел бостандығы жағында болуы, әрине, таңданыс тудырмаса керек [9].

1917 жылғы 13 маусымдағы № 557 жарлығында облыстық комиссар № 1 ауылда тұратын Мұқаш Нұрпейісовтың Ақілгек деген әйелі қашып кетіпті. Әйелдің басы еркін, қалаған адамына тұрмысқа шыға алады. Бірақ Ақілгектің жаңа күйеуі Мұқаш Нұрпейісовке қалыңмалын толық қайтаруы керек, сондай-ақ алғашқы күйеуі әйелдің мүлкін беретін болсын» [10].

Облыстық комиссар Хафиза Жанашқызы, Жамила Имашқызы, Мәрия Сүлейменқызы тағдырына байланысты дауларды қарап, әйелдердің пайдасына шешіп, бас еркіндіктерін алып берген еді.

Ә. Бөкейхановтың комиссарлық қызметте жүргенде ден қойған істерінің бірі қазақ арасындағы ұрлыққа қарсы күрес еді. Ол «тіршілік-ғұмыр белгісі алыс-тартыс, арбау, әдіс. Кім шебер болса, жалықпай, талмай ізденсе, бірігіп, тізе қосып, әдіс қылса ғұмыр бәйгесі соныкі. Торғайдың ақ үрпек балапанынша ауызды ашып біреуге жалынып, жалпая берсе, мұнан түк өнбейді», сондықтан етектен алып, балтырдан тартқан ескі жаман әдеттерден арылып, келе жатқан жаңа дәуір, жаңа заманға лайық іс-әрекеттерге бой алдыруға шақырады. Сондай «тәмәм қазақ атына зор кемшілік, таңба, ұят» келтіретін әдеттердің бірі ұрлық екендігін, «кедей тамақ асыраймын деп, ақылсыз жас атымды шығарамын деп, надан ақсақал кек аламын деп ұрлық» жасайтындығын, бірақ «ұрлықтан атақ та, кәсіп те, кек те табылмайтындығын» айтып, «жұрт болып ау деп, бата қылып, әдіс қылса, ұрлық бұрынғы отқа табынған атамиздың дінінен мықты емес, бірте-бірте жоғалады» - деп, бұл жаман әдетпен ел болып күрессе ғана нәтиже шығатынына көпті иландыруға тырысты.

1917 жылғы 15 маусымдағы № 907 жырлығында Ә. Бөкейханов Ақтөбе уездік милиция бастығына «Бестамақ болысының қазағы Абдулла Аймағамбетовтың шағымына қарағанда, осы болыстың адамы Қоңырбай Нұрманов шағым берушінің құлынды биесін ұрлап әкеткен. Ат ұрлаушыны ұстауға тез арада бір милиционерді жіберуді ұсынамын. Егер Нұрманов қолға түссе, оны заңға сәйкес жазалау қажет» деп нұсқау береді [11].

Осы мазмұндағы нұсқауды ол Қарасай, Қараторғай және басқа болыстарда болған мал ұрлығы және басқа әділетсіздіктерге байланысты береді.

Әрине, бұл уақытта әйел теңдігіне, ел арасындағы түрлі жағымсыз істерге байланысты күрестің заңдық сипат алып, жүйелі мемлекеттік шараға айнала қоймағандығы мәлім. Оған қажет бұл кезде алғышарттар да қалыптаса қойған жоқ еді. Дегенмен, облыстық комиссардың бұл бағытта жасаған алғашқы қадамдары, сөзсіз, үлкен қоғамдық істің бастамасы болатын.

Ғылыми әдебиетте Ә.Бөкейханов пен М.Тынышбаев Уақытша үкіметтің комиссарлық қызметінде жүргенде қазақ бұқарасының көтерілісін басуға қатысты деген пікір бар. Бұл жалған пікірді жасаушылар С.Брайнин мен Ш.Шафиरो болатын. Олар өздерінің белгілі «еңбегінде»: «Букейханов подавлял восстание казахских трудящихся в Тургайской области, Тынышпаев организовал совместно с Шкапским погромное движение против казахских масс в Семиреческой области» деп жазған болатын [12].

Бұл, әрине, ешқандай да сын көтермейтін, фактілік негізі жоқ, жалған пікір болатын. Соған байланысты оған елеп, көңіл аудармауға да болар еді, дегенмен, көңілдегі күдікті сейірту үшін төмендегі фактілерге тоқтала кетелік. Біріншіден, біз жоғарыда бұл мәселеге арналған тарауда 16 жылғы көтеріліс басталғаннан кейінгі уақытта Ә.Бөкейхановтың Мемлекеттік дума арқылы жүргізген жұмысы туралы жаздық. Ақпан революциясы жеңіп, Уақытша үкімет билігі орнағаннан кейін бұл мәселе қайтадан көтеріліп, сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы және ішкі істер министрі Штюрмердің 25 маусым жарлығын Мемлекеттік Думаның қолдауын алмастан, өз еркімен күшіне енгізу заңсыз деп табылып, арнайы құрылған комиссияның тексерілуіне беріледі. Мұндай хабарды жария еткен кадеттер партиясының органы «Речь» газеті еді. Сөйтіп, жаңа билік тұсында 1916 жылғы көтеріліс мәселесіне қайтадан қозғау салынады. Оған Ә.Бөкейхановтың үкімет ішіндегі кадеттердің өкілдері арқылы жүргізген әрекеті себепші болғандығына біздің күмәніміз жоқ [13].

Міне, осы келтірілген құжаттардан Ә.Бөкейхановтың мәселені асқындырмай, өз жолымен, ақсақалдардың кеңесіне сала отырып, бейбіт шешуге күш салғанын байқау қиын емес. Торғай кеңесі, белгілі дәрежеде, оған дейін қарама-қарсы айқындамада тұрған интеллигенция өкілдерін біріктіруші рөл атқарды деп те айтуға болады. Әлихан Бөкейханұлы Уақытша үкіметтің билік қызметін өз халқының тәуелсіздігі жолындағы күресіне ұштастырған ұлы қайраткер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейхан Әлихан. Шығармалар.-Алматы: Қазақстан, 1994.-384 бет.
2. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы.-Алматы: Санат, 1995.- 420б.
3. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Құжаттар жинағы.-Алматы: Санат, 2008.- 570б.
4. Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда.- Алматы: Ататек, 1995.- 450б.
5. Бердібай Р. Ел боламыз десек.- Алматы: Қазақстан, 2000.- 400б.
6. Байтұрсынов А. Ақжол.- Алматы: Жалын, 1991.- 464 бет.
7. Бөкейханов Ә. Жауап хат // «Қазақ» газеті / Құраст. Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
8. Әлихан Бөкейхан. Толық шығармалар жинағы.-Алматы: Сарыарқа, 2011.- 6-том.
9. Алаш мирас. Құжаттар жинағы.- Алматы: Дәуір, 2003.- 158 бет.
10. Аманжолова Д.А. На изломе.История движения Алаш.- Семипалатинск: Издательство, 2009.- 460 с.
11. Бөкейхан, Әлихан. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Т. 4: Мақалалар. Талдаулар. Хаттар. Жеделхаттар (телеграмдар) 1897, 1905, 1906-1907 (Омбы-Павлодар-Семей-Самара-С.-Петербург-Омбы) / Бөкейхан, Әлихан; Құраст.: Ж.С. Аққұлұлы. - Астана: Сарыарқа, 2010. - 566 б.

12.Бөкейхан, Әлихан Нұрмұхамедұлы. Шығармаларының толық жинағы - Полное собрание сочинений в 9 томах: 9 томдық. Т.6: Мақалалар, жазбалар, баяндамалар, үндеулер, ғылыми зерттеулер, әдеби аудармалар, хаттар, жеделхаттар (телеграммалар). 1915-1917гг. (Самар-Петроград-Минскі-Орынбор-Томскі-Омбы-Уфе- Алаш) /Бөкейхан, Әлихан Нұрмұхамедұлы; Құраст.: Ж. С. Аққұлұлы. - Астана: Сарыарқа, 2013. - 520б.

13.Бөкейхан Әлихан. Шығармалары – Сочинения. IX т. / Әлихан Бөкейхан.- Толықт. Үшінші бас.-Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2018.



ӘӨЖ: 433

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Ибраимов Н.Л. магистр, М.Х. Дулати атындағы ТарӨУ.

Аннотация: В статье рассмотрены некоторые вопросы общественно - политической деятельности Алихана Бөкейханова-одного из борцов за освобождение казахского народа за годы независимости нашей страны.

Ключевые слова: Общественно-политическая деятельность, взаимный конфликт, политико-социальная сила, национальная интеллигенция.

Аңдатпа: Мақалада еліміз тәуелсіздік алғалы қазақ халқының азаттығы жолындағы күрескерлеріміздің бірі - Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметінің кейбір мәселелері туралы қарастырылған.

Кілтті сөздер: Қоғамдық саяси қызмет, өзара қақтығыс, саяси-әлеуметтік күш, ұлттық интеллигенция.

Annotation: The article discusses some issues of socio -political activity of Alikhan Bokeikhanov, one of the fighters for the liberation of the Kazakh people during the years of independence of our country.

Keywords: Socio-political activity, mutual conflict, political and social force, national intelligentsia.

Еліміз тәуелсіздік алғалы қазақ халқының азаттығы жолындағы күрескерлеріміз туралы тың деректер зерделенуде. XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Бір жағынан, ескі, күні өткен феодалдық қатынастар өзінің барлық даму қуаты мен өткен қуатын тауысып, қоғамдық өніп-өсуде кедергіге айналса, екінші жағынан, оларды ауыстыра аларлық жаңа қоғамдық қатынастар тым әлсіз, балаң күйде еді. Елдегі мұндай ауыр жағдайды ресейлік империализмнің пәрменді отарлау және орыстандыру саясаты тереңдете түсті.

Міне, осындай жағдайда қоғамдық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттық интеллигенция араласа бастайды. Негізінен метрополия оқу орындарында білім алып, отаршыл мемлекеттік басқару аппаратындағы қызметке және қазақ арасына орыс мәдениетін егіп, тарату үшін даярланған зиялылары мұның бәрін жиып қойып, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық

мәдениеттің өсіп-өркендеуіне, ұлт өмірін қайта құру мақсатына қызмет ете бастайды. Соның нәтижесінде қазақ қоғамында мүлде жаңа сападағы жағдай қалыптасып, феодалдық тоқырау мен отарлық тәуелділікке қарсы күрес оның негізгі белгілеріне айналады.

XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғаны атап айтқан абзал.

1914 жылы шілдеде Самарда Ә.Бөкейхан осы губерниядан ІІ-ші Думаның мүшесі болып сайланған А.Ф.Керенскиймен кездесті. Онымен қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайы, мұң-мұқтажы туралы пікірлесіп, елдегі демократияның өріс жая алмай отырғаны жайында кеңеседі.

Қалай дегенмен де оның саяси күрестегі елеулі жетістігі 1913 жылғы ақпанда Дала өлкесінде "Қазақ" газетін шығара бастауы болды. «Қазақ» газеті -сахара халқының тарихындағы ұлттық-демократиялық төл мерзімді баспасөзі еді. Ол қолдан қолға өтіп, ауылдан ауылға тез тарап кетті. «Қазақ» газетін шығарушылар халқымыздың ұлттық тұтастығын сақтап, Ресей империясының отаршылдық саясатының салдарынан жойылып кеткен дәстүрлі мемлекеттігімізді қайта қалыптастыруға ат салысты [1].

Газет бетінде халықты патша әкімшілігінің отарлау саясатының қыр-сырына түсіндіріп, езгіден құтылудың әдіс-тәсілдерінен кеңес берді. Қазақ халқының 1916 жылғы қарулы көтерілісіне Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының газет арқылы үзілді-кесілді қарсы шығуы да жаппай қырғыннан аман алып қалудың саяси бейбіт жолын ұсынуынан еді.

«Алаш» қозғалысының көсемдері қазақ халқы үшін демократиялық өзін-өзі басқарудың ең тиімді жолы — Кеңестер емес, керісінше земство деп есептеді. Әлихан Бөкейханның осы мақсаттағы ұзақ жылға созылған күресі Дала өлкесінде тек патшалық билік құлағаннан кейін ғана жеңіске жеткендей еді. Әйтсе де, саяси ұйымдық қарама-қайшылықтардың, басқару құрылымдарындағы өрши түскен дағдарыстың салдарынан, қаражат тапшылығынан, тағы басқа себептерден бұл үрдіс Қазақстанда тежелі берді, ақыры жергілікті Кеңестердің қарсылығына ұшырады.

Ақпан революциясының артын ала, көкек айынан бастап барлық қазақ облыстарында ұлттық интеллигенцияның ұйымдастыруымен үлкенді-кішілі съездер өткізіле бастайды. «Қазақ» газеті «Съезд жасау» деген бас мақаласында «әуел, қазіргі болған өзгерістердің мақсат, мағынасын түсіну үшін, екіншісі, учредительное собраниеге» лайық адамдар» сайлау мақсатында алдымен облыстық съездер өткізуге шақырды. Жер мәселесі, мемлекеттік құрылыс, халыққа білім беру жүйесі сияқты кезек күттірмейтін мәселелерді қараған бұл съездердің жалпы демократиялық сипатын айта келіп, сонымен бірге олардың ел өмірінде үлкен тарихи кезең болғандығын, терең революциялық құлшыныс туғызғандығын айтпай өту мүмкін емес. Бұл жиындарға қатынасқан өкілдер өз сөздері мен ұсыныстарында халықтың ескі тәртіпке шексіз наразылығын білдіріп, қазақ елінің өзін-өзі басқару хұқын қанағаттандыруды талап етті. Тарихшы А.К. Бочагов 1927 ж. жарық көрген еңбегінде: «Бұл съездер халықтың ескі патшалық тәртіпке қарсы жылдар бойы жиылған кегінің көрінісі болды және сонымен бірге халықтың өзін өзі басқару, ұлттық өкімет құру, отарлау саясатының тоқталуы, ұлттық мектеп, сот, милиция ұйымдастыру ж.б. үміттерінің көрінісі болды», - деп орынды жазған болатын [2].

1917 жылғы шілде айында болған Жалпықазақ съезі «Қазақ саяси партиясы» туралы мәселе қарап, күрделі саяси жағдайда «қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс көріп» оның программа жобасын жасауды бүкіл россиялық Шураи ислам съезіне сайланған өкілдерге тапсырды. «Қазақ» газетінің партияғын орталық баспа үніне айналды. Алаш партиясының жергілікті комитеттерінің құрылуы баяу жүрді. «Қазақ» газеті 1917 жылға 14 ноябрьдегі санында Орынборда Торғай облысының комитетінің ашылғандығын, оған бар болғаны 14 адам (Орынбордан – 10, уездерден – 4) екендігін жариялады. Осы хабарда партияның мүшелік жарнамасы 1 сомнан екендігі айтылды. Тура осы мезгілде Ақмола, Семей, Орал, Жетісу облыстық комитеттері де құрылды.

Кезінде тарихшы Н.Мартыненко «Қазақ» газетінде жариялаған Алаш программасы жобасының орыс тілінде аударылған нұсқасын өзі даярлаған жинаққа енгізген болатын [3].

Әрбір документтің саяси, әлеуметтік мазмұны бүгінгі биіктен емес, ол өмірге келген мезгіл, оқиғалар ағымында қарағанда ғана тура түсінуге болатындығы мәлім. Бағдарлама жобасының жалпы алғанда буржуазиялық-демократиялық сипатын, қоғамдық саяси құрылыста, әлеуметтік-таптық мәселелерде солғын тұстары болуы мүмкін екендігін мойындай отырып, сонымен бірге оның ұлттық мемлекеттік тұтастық, жергілікті халықтың жер байлығын талан-бараждан қорғау, оқу-ағарту ісін халық мүддесіне сай құру сияқты ұсыныстары, қазақ қоғамының өз еркіндігі мен теңдігі үшін күресі барысында өмірге келген аса маңызды тұжырымдар болатын. Ал алаш бағдарламасының жобасына басқа ресейлік партиялар бағдарламасына еліктеушілік нәтижесінде пайда болған документ, солардан алынып жазылған «қойыртпақ» ретінде қарау, әйтеуір қалай болғанда да Алаш қозғалысының ұлттық негізін жоққа шығару, сол арқылы «алаш интеллигенциясы» атанған әлеуметтік топты халыққа қарсы қою әрекетінен туындаған пиғыл еді [4].

Европалық түсінік, өлшем тұрғысынан алғанда Алаш саяси партия деңгейіне көтеріле алмағандай болып көрінуі әбден мүмкін. Бірақ қазақ қоғамының сол тұстағы қоғамдық даму ерекшелігін ескерсек, Алаш саяси партия есебінде өз міндетін, белгілі дәрежеде, атқара алды және бұл ретте ұлт тарихында өшпес терең із қалдырып кетті деп айтуға негіз бар. Ол күрделі 1917 жылдың күзінде мынадай үш ірі мәселенің дұрыс шешілуіне үлкен үлес қосты. Біріншіден, партия мүшелері халық арасында, қазақ зиялылары ішінде ең алдымен шешілуге тиіс жалпы ұлттық зәру мәселелерді талқылауға мұрындық болып, сол мәселелер бойынша ортақ тұжырымдар жасауда басты роль атқарды. Бұл тұжырымдар партия бағдарламасының жобасына енді. Екіншіден, партияның ұйтқысы болған қайраткерлер қазақ елінің Алаш автономиясы атанған ұлттық мемлекетінің өмірге келгенін жария еткен Екінші Жалпықазақ съезін даярлап, өткізді. Осы съезде өмірге Алашорда – Ұлттық Кеңес өкіметі келгені және мәлім. Оның мүшелері түгелдей дерлік өздерін Алаш партиясының мүшесі санағандығы күмән тудырмаса керек. Үшіншіден, осы жылғы қарашада болып өткен Бүкілресейлік құрылтайға депутаттар сайлауында барлық және осы ұйымның атынан делегат болып сайланды.

Күрделі де қатал өмір ағымы Алаш партиясының саяси күреске білек түрініп араласып кеткен саяси күшке айналуына мүмкіндіктер бере қоймады. Қым-қиғаш Азамат соғысы тұсында мұндай міндеттерді тек Алашорда атанған үкімет қана атқара алатын еді. Әлихан Бөкейхан басшылық еткен "Алаш" қозғалысы 1917 жылдың ортасынан бастап партиялық сипат ала бастады. Уақытша үкімет билік құрысымен Қазақстанның ең үлкен облысы Торғайдағы басшылыққа келген тұңғыш

қазақ Әлихан Бөкейхан еді. Ол 1917 жылы 15-желтоқсанда екінші жалпы қазақ съезі аяқталған күннің ертеңінде бұрынғы істеп жүрген комиссарлық қызметтен отставкаға кететінін мәлімдеді [5].

Ә.Бөкейхан 1918 жылғы 3-ші сәуірде Мәскеуге жеделхат жолдап: «Алашорда жергілікті Кеңеспен жақын ынтымақтаса отырып, өзінің автономиялық Құрылтай жиналысын шақыру, жоғарғы заң шығару және атқару билігін оған дейін сақтау құқығын талап етеді» - деп жазды. Оның пікірінше, Алашорда үкіметінің өкілеттілігін сақтай отырып, кейін демократиялық негізде ұйымдастырылған Уақытша ұлттық Кеңестерге берілуге тиіс еді.

1918 жылғы 4-сәуірде Халел һәм Жаһанша Досмұхамедұлына жолданған жеделхатында Алашорда туралы И.Сталиннің жауабы хабарланды. Ол Кеңес үкіметін жергілікті жерде мойындаған жағдайда, Бүкілқазақ съезінің шешімін қабылдауға болады деп есептеп, қамауға алған Алашорда мүшелерін тез арада босатуға тапсырма берді. Дегенмен, Халық комиссарлар кеңесі Алашорданың шартындағы ұлттардың теңдігін сақтай отырып, демократиялық негізде ұйымдастырылған Уақытша Ұлттық Кеңесі туралы тармақты қабылдай алмайтындығын мәлімдеді. Сонымен 1917 жылы желтоқсанның 5-13-і аралығында Орынборда өткен Бүкіл қазақтық Құрылтайдың негізгі баяндамасын Ғаббасұлы Халел жасап, онда күн тәртібіне қойылған ұлттық автономия жариялау, халықтық милиция құру "Ұлттық Кеңес" сайлау мәселесін кетерді. Құрылтай депутаттары ұсынысты бір ауыздан қолдады. Сөйтіп, Құрылтай «Алаш» автономиясының құрамында 25 мүшесі бар «Алашорда» үкіметін құру, халықтық милиция күшін жасақтау туралы қаулы қабылдады [6].

Алашорда қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады. Алашорда үкіметінің ресми құрылғанын қазақ халқы зор қуанышпен қарсы алды. Үкімет төрағасына ұсынылған үш үміткердің арасынан жасырын дауыс беру нәтижесінде Әлихан Бөкейхан сайланды. Екі ғасырға жуық Ресей патшалығының бодандығында рухы жасыған қазақ халқының еңсесі көтеріліп, өз алдына дербес мемлекеттігін түзе бастауы, орыс шовинизміне ұнай қоймады. Бұл ретте Орталық Кеңес үкіметінің басшысы В.И.Ленин мен ұлт істері жөніндегі Халық комиссары И.Сталин Алашорда автономиясын ресми танып, мойындауға үміттендіріп, әуелгі кезекте келіссөз жүргізгенімен, кейін тайқып шығып, екіжүзділік саясат ұстанды. Мұндағы Кеңес үкіметі басшыларының мақсаты азамат соғысның өршіп келе жатқан шағында өзара қанға бөккен орыстардың күш алуы үшін уақыт ұтуы ауадай қажет болды. Кейін келіссөздің большевиктер тарапынан күрт үзіліп қалуы өз мүддесі тұрғысынан тиімді болғандықтан еді [7].

Ә. Бөкейхановтың 1917 жылы, әсіресе оның күзі мен қысында мемлекеттік еркіндікке жетудің түрлі жолдарын қарастырғандығын байқауға болады. Мәселен, ол осы жылдың күзіне қарай Г.Н.Потанин бастаған Сібір автономистерімен қатынас жасап, Сібір автономиясы құрыла қалған күнде Қазақстанның оның құрамына енуін жақтады. Бірақ, бүкіл империя көлемінде жағдайдың күн өткен сайын шиеленісе түсуіне байланысты, бұл пікірдің іске асуы екіталай еді. Уақытша өкіметтің қолынан саяси билік біртіндеп ұзай берді. Пәрменді биліктің болмауы ел ішінде түрлі террористік актілерге, жол ашып берді. Бұл жағдай, әсіресе қолында қаруы жоқ қазақ сияқты жұртқа ауыр тиді. Барлық жерде зорлық-зомбылық етек алды. Міне осындай жағдайда Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы және ұйымдастыруы бойынша 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған жалпы қазақ

съезі болып өтті. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе – ұлттық автономия туралы баяндама жасаған Ә.Бөкейханов болды. Съезд бұл мәселе бойынша қарар қабылдап, онда Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша «Ұлт Кеңесін құрып, оның аты «Алашорда» болсын» деді. Он бес адамнан тұрған бұл өкіметтің төрағасы болып көпшілік дауыспен Ә.Бөкейханов сайланды. Бұл, әрине Әлихан Нұрмұхамедұлының өзін бақытты сезінген сәттерінің бірі еді [8].

Империя көлемінде қалыптасқан жағдай Алашорда өкіметіне келесі 1918 жылдың күзіне дейін іске кірісуге ырық бермеді. Ал оның төрағасы Қазан революциясы жеңгеннен кейінгі кезеңде жасырынып жүріп қызмет атқаруға мәжбүр болды. Өйткені, ол қазақ қоғамына қатысты негізгі мәселелер бойынша большевиктердің бағдарламасын қолдамады, Кеңес өкіметін «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен» орнаған билік деп түсінді.

Кеңес билігі тұсында да Әлихан Нұрмұхамедұлы туған елі үшін белсенді қызметтен бас тартқан емес. Өкінішке орай, Сталин басқарған жоғары билік революцияға дейінгі қазақ интеллигенциясына, оның белгілі лидері Ә.Бөкейхановқа сенімсіздік танытты, қоғамдық қызметін белгілі бір қалыпқа салып, шектеп отырды. Соған қарамастан ол 1927-1932 жылдары Москвада КСРО халықтары орталық баспасында әдеби қызметкер болып жүріп, өз елінің рухани өсуіне елеулі үлес қоса білді. Осы жылдары оның қаламынан туған көптеген кітаптар, аудармалар, түрлі тақырыптарға жазылған мақалалар соның айғағы. 1927 жылы 1-қазанда «штаттың қысқартылуына байланысты», ал шын мәнінде БКП(б) Орталық Комитетіндегі қызметкерлердің нұсқауы бойынша қызметтен босатылған Әлихан Нұрмұхамедұлына берілген мінездемеде былай деп жазылды: «Орталық баспада жүргізілген өзінің ғылыми және әдеби қызметі кезінде азамат Ә.Н.Бөкейханов қазақтардың тілін, шаруалығын және тұрмысын өте терең білетіндігімен қатар, өзіне жүктелген міндеттерге үлкен адамгершілікпен қарайтындығын танытты» [9].

Қазақ елінің мүддесіне төнген қауіпті тура түсінген Ә.Бөкейханов осы тұста жаңадан отарлау саясатына жол бермеу үшін қазақтарға қажет жер нормасын анықтау мақсатында КСРО Ғылым академиясы жанынан профессор С.П.Швецов бастаған экспедицияны құру ісінде белсенділік танытып, оның құрамына өзі де енеді. Қазақстанда жаңа қоныстанушыларға жарарлық артық жер жоқ екендігін ғылым жүзінде дәлелдеп берген бұл комиссияның жасаған тұжырымдары мен ұсыныстары Голощекинге және орталық мекемелерге ұнай қойған жоқ-тын.

Ф.И. Голощекин 6-шы өлкелік партия конференциясында жасаған баяндамасында Сұлтанбековтың КСРО Ғылым Академиясы жанынан құрылған Қазақстандағы жер нормасын анықтау комиссиясының мүшесі Ә.Бөкейхановқа барып жолығуына мынадай баға берді. «Сұлтанбеков жер нормасын анықтауға Москваға барып, нұсқаулар алу үшін Өлкелік комитеттің жауапты хатшысына жолықпай, Әлихан Бөкейхановқа жолығады. Бұл масқара емей не? Ал бұл хабарды өлкелік комитетке «дер кезінде» жеткізген М.Төлепов болатын. Ол хатында: «Үстіміздегі жылдың шілдесінің оңында егіншілік халкомы Сұлтанбеков жолдас Қырымға бара жатып Москваға тоқтады. Сұлтанбеков жолдас заттарын қонақ үйіне қалдырып, тура сол күні Әлихан Бөкейхановқа барып ...кешті сонда өткізді. Таң ертең олар әңгімелерін тағы да жалғастырады. Бөкейхановқа жолыққаннан кейін ол Төреғожин және Төлеповпен әңгімелескенде былай дейді: «Әлихан Швецовпен сөйлесіп, ойлағандай етіп бітіруге уәде берді». Әңгіме орталықтағы мекемелер келіспей отырған Қазақстандағы жер нормасы хақында болатын. Менің ойымша партияның күрделі ішкі істерін «Алашорда» басшыларымен талқыға салуға

болмайды. Өйткені, соның нәтижесінде, партия қарарында, әсіресе егіншілік халкомы сияқты аса маңызды мекемелерге большевиктер идеологиясына жат, өте реакциялы алашордалық идеологияның енуі әбден мүмкін, ал ондай жағдайда біздің жұмысымыз қиындай түспек» [10].

Бұл, әрине, Голощекинге таптырмайтын материал еді. Ол жер мәселесінде қазақ комунистері ауытқушылық жіберіп отыр, ал ол ауытқушылықтың негізгі көрінісі бірінші кезекке таптық емес, ұлттық факторларды қоюларында, сөйтіп Бөкейханов бастаған алашордашылардың жер жоспарын іске асыруға күш салуларында деп көрсетті.

Комиссияның жұмысы толық аяқталмай жатып 1926 жылы Ә.Бөкейхановты контрреволюциялық қызмет жүргізді деген желеумен ОГПУ қызметкерлері Ақтөбеде тұтқынға алады да, Москваға, Бутырка абақтысына жөнелтеді. Бірақ, оны 15 күннен соң шығарып жіберуге мәжбүр болады.

Зорлықшыл биліктің бұл қоқанлоққысы күресте ширыққан қайраткерлердің жүрегін шайлықтарға алған жоқ еді. Келесі 1927 жылы одақтық егіншілік комиссариатында ол профессор Швецов ұсынған жер нормасын қорғап сөз сөйлеп, отаршыл пиғылдағы шенеуніктерді әшкерелеп сынға алады. Мәселен, ол Қазақстанға қоныс аудару бағытын қолдаған профессор Верацинге жауап сөзінде: «Профессор Верацагин бұрын да қазақтардың жерін тартып әперіп орыс помещиктері мүддесін қорғаған еді. Егер ол айтқандай Тула шаруалары шынымен де жерге мұқтаж болса, біз қазақтар олармен Верецагин сияқтылар арқылы емес, тікелей келіссөз жүргізуді қалаймыз. РСФСР Егіншілік комиссариаты ұсынып отырған жер нормасы қазақтарды қанағаттандыра алмайды, өйткені ол көбірек артық жер шығаруды көздейді. Сондықтан да бұл нормалар болашақта Қазақстанда жаңа отарлау саясатын жүргізуге бағытталған», - деп бетке айтады [11].

Бұл – бар өмірін өз халқының болашағы үшін күреске арнаған үлкен саясаткердің ашық та ашына айтқан соңғы сөзінің бірі еді. Алашордалық қайраткерлерге қарсы 1928 жылы басталып кеткен сот процестері Ә.Бөкейханов пен оның пікірлес серіктерін саяси өмірден біржола ығыстырып тастаған болатын.

Әлихан Нұрмұхамедұлы 1922 жылдан бастап Москвада, ОГПУ орындарының бақылауы астында тұруға тиіс болды. Үкімет орындарының, жеке адамдардың оны Қазақстанда тұрып, қызмет істеуіне рұқсат сұрап құдіретті орталыққа жасаған өтініштерінен нәтиже шықпайды. Ұлт-азаттық қозғалыстың басшысына Москвадан ұзап шығуына тиым салынады. 1928 және 1930 жылдары екі мәрте Алаш қозғалысының ең белсенді қайраткерлері тұтқынға алынып, сотталғанда, ОГПУ орындары Әлихан Нұрмұхамедұлын бір-ақ рет шақырып түсінік алумен тынады. Құпия полиция орындарының Бөкейхановты да жауып қоймай, сырт қалдыруын шамалап түсінуге болады. Бөкейхановты да тұтқындау арқылы олар өз пиғылын қоғамдық пікір алдында тым айғақтап алудан қаймықты.

Ленин қайтыс бола салысымен бар билікті қолына жинап алған компартияның бас хатшысы Сталиннің беделі күшейе түскен кез еді, бұл. Тіпті, Сталиннің әмірінің күштілігі сондай, 1924 жылы 12 мамырдағы БКП(б) Орталық Ко-митетінің пленумында жариялануға тиісті Н. Крупская өз қолымен ресми түрде табыс еткен Лениннің хаты оқылмады. Сталин өз қарсыластарының көзін біртіндеп құрта бастады. Ел ішінде “қызыл террор” өршіді. 1927 жылы Мәскеуде өткен БКП(б)-ның ХҮ съезінде Лениннің “Сталин слишком груб и этот недостаток, вполне терпимый в среде и в общениях между нами, коммунистами, становится нетерпимым в должности генсека” деп айтылатын әйгілі съезге хаты тағы да

жарияланбай қалды. Керісінше осы съезде Троцкий, Зиновьев секілді оппозиция көсемдері партиядан қуылды. Бәлкім, сол себепті алдын ала қауіпсіздік шараларын сақтау үшін Троцкийдің хатында қазақ өлкесіндегі оппозициялық топтың басшылары Ә.Бөкейханов пен Ә.Ермековтің есімдері әдейі жазылмай қалды ма екен?

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов 1929 жылы Алматыда қамауға алынып, Мәскеуге Бутыркаға тергеуге түскенде, КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ “үштігінің” оған “1921 жылы Орынборда контрреволюциялық ұйым құрды, ортаазиялық пантүрікшіл ұйымның басшысы Валидовпен байланыста болды. 1927 жылы қазақ даласында қарулы көтеріліс даярлау әрекетіне қатысты” деп айып тағып, РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 2,4 және 11-тармақтары бойынша ату жазасына кесілуі тегін емес еді. Алайда, ОГПУ “үштігі” қазақ ұлты зиялыларының көсемі Ә.Бөкейхановтай үлкен тұлғаны құртып жіберуге қорықты. Оған берілген өлім жазасы абақтыда өтеуіне ауыстырылды. Ақыры ол ОГПУ органдарына ұлт зиялыларының наразылық білдіруіне байланысты түрмеден босатылды. Өкінішке қарай, оның сонау бір жылдары Семейде “Алаш” партиясының облыстық комитетін, Алашорда үкіметін бірге құрысып, қызметтес болған сенімді серіктері Халел Ғаббасов, Жүсіпбек Аймауытов және т.б. Мәскеудегі Бутырка түрмесінде жазықсыздан жазықсыз атылып кете барды [12].

Әлихан Бөкейханды ату жазасына кескен үкім 1937 жылғы 27 қыркүйекте шығарылған және тура сол күні – 1937 жылғы 27 қыркүйекте орындалған. Тіпті, қай жерде, қай қорымда немесе қай ортақ зиратта жатқаны беймәлім. Ресейдің ФҚК бұл сұраққа байланысты ешқандай мәлімет бермейді.

Отбасы мүшелерінің, ата-аналарның маскүнемдік пен нашақорлыққа салынуы, кейбір ата-аналардың бауырынан шыққан бейкүнә перзенттерін балалар үйіне өткізуі, тастанды жасөспірімдердің көбеюі, одан қала берсе ата-аналардың бала тәрбиесіне жете көңіл бөлмеуі сияқты келеңсіз жағдайлар салдарынан жасөспірімдердің қылмыс жасап, құқық бұзушылыққа барулары жиілеп барады. Жасөспірімнің девианттық іс-әрекеттерді жасау себептерінің көпшілігі тек отбасы тәрбиесі мен ата – ананың балаға дұрыс тәрбие берудегі жауапкершілігіне жете мәне бермегендігінде. Бала үшін ата-ананың берген жақсы тәрбиесінен қымбат ештеңе жоқ. Жақсы тәрбие- өмірдің аласапыран толқынында адамды адастырмайтын Темірқазық іспетті. Сол себепті дұрыс қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің маңызы зор. Өйткені, жас күнінде балаға қандай тәрбие берілсе, өсе келе ол соны ілетіні айдан анық. Бұрыс тәрбиенің немесе ата-анасының жұмыс басты болып кетуі, сол себепті балаға көңіл аудармаудағы салдары-қазіргі қоғамдағы жасөспірімдермен жасалып жатқан девианттық іс-әрекеттердің болуымен ұшырасып жатады.

Бүгінгі күні кәмелетке толмағандардың жасап жатқан девианттық іс-әрекеттері аз емес. Соның ішінде қылмыс жасаған баланы үзілді –кесілді айыптай салу, одан әрі жазалай салу – оңай шаруа болып отырған жоқ. Себебі, ол жас жеткіншектің одан кейінгі өміріне балта шабу деген сөз. Жасөспірімдердің тағдыры, олардың қиыншылықтары кез келген саналы азаматтарды толғандырмай қоймайды. Осы ретте айта кететін бір жайт, ҚР-сы Президентінің 2007 жылғы 23 тамыздағы №285 Жарлығына сәйкес, Астана қаласындағы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрылып, қазіргі уақытта жоғарыдағы айтылған мәселелер бойынша жұмыс жүргізуді жалғастыруда. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар істері жөніндегі соттың құрылуы жасөспірімдерге қатысты мәселелерді шешу төңірегінде нәтижелі жұмыстардың жүргізіліп жатқандығын айғақтаса керек. Бала – қоғамның қымбат құндылығы екені сөзсіз. Олай болса, мемлекет тарапынан бұл мәселені шешуге жасалып жатқан жұмыстар да аз емес.

Жүсіп Баласағұн: «Қатты тәртіп көрсе бала күнінде, Өнерімен қуантады түбінде», демекші, тәрбие баланың дұрыс қалыптасуына үлкен ықпал келтіреді, ал ата-ана –оның саналы, білімді, тәрбиелі азамат болып өсуіне бірден бір жауапты тұлға. Мемлекет пен қоғам балаларды тәрбиелеу саласында қандай да бір тиімді шаралар қолданғанымен, бәрбір ата-ана махаббатын, олардың қамқорлығын еш уақытта айырбастай алмайды. Сондықтан да әрбір бала ата-ананың сүйіспеншілігі аясында өсіп, жетілуі тиіс. Кез келген ата-ана Мемлекет басшысының «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасындағы: «Бүгінгі кезеңнің міндеттері біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтын күнделікті есте ұстауы тиіс» деген терең мағыналы сөзінің мәнін түсініп, оны жүргеімен сезіне білуі керек. Себебі уақыт өтіп кеткен соң жас ұрпақ тәрбиесіндегі немқұрайдылық көзқарастың орнын толтыру қиын болады. Сол себепті осы мәселенің шешімі ең біріншіден, отбасындағы тәлім- тәрбиеге келіп тірелетіні айдан анық.

Баланың сотталуын немесе сотқа тартылуын ересектердің қателігі деп қабылдауымыз керек. Әдетте жанұяда дұрыс тәрбие алған, ата-ананың шынайы махаббаты мен қамқорлығын көріп өскен бала қылмысқа бармайды. Қылмыс жасаған жасөспірімдердің дені- көбіне тұрмысы нашар, әлеуметтік жағдайы төмен, ата-аналары ішкілікке салынған отбасыларынан шығатынын өмір тәжірибесінің өзі көрсетуде. Осы төңіректегі мәселелердің бәрін жан-жақты зерттей отырып, бұл бағытта тиімді жұмыс жүргізу - ювеналдық соттың міндеті. Мұндайда шынайы жағдайды ескере отырып, жазаны мүмкіндігінше жұмсарту жағын қарастыру, тараптарды татуластыру жағын ойластыру сияқты ізгі әрекеттің көбінесе өз жемісін беретіндігі сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабы, 2-бөлігіне сәйкес, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Адам, яғни өзінің туған ұлы мен қызын тәрбиелеу – адамзаттың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, азаматтық борышы. Сондай-ақ баланың жақсы тәрбие алуы үшін ата-ана мен мұғалім тығыз байланыста жұмыс істеуі керек. Сонымен әрбір ата-ана бала тәрбиесінің, тек оның болашақ өміріне ғана емес, мемлекет үшін де маңызды рөл атқаратынын сезініп, оған үлкен мән беруі тиіс.

Жасөспірімдердің құқықтық тәртіп бұзушылығын әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан талдау, бұған себеп болған жағдайларға ғылыми тұрғыда баға беру осы саладағы мамандардың басты міндеттерінің бірі. [2]

Жалпы баланың қалыптасу кезеңінде оған әртүрлі жағдайлар мен факторлар әсер етсе, ол ең алдымен оның көзқарасына, қызығушылығына, икемділігіне ықпал етіп, қатынас, сезім, көңіл-күйді қалыптастырады. Осының әсерімен бала бойында белгілі бір сипаттық белгілермен жеке басының жақсы, жағымсыз қасиеттері дамиды. Өмірде болып жататын көптеген жағдайлар құқық бұзушы балалар мен ата – анасын бақылау барысында жанұя жағдайының келеңсіз жақтары, жанұя тәрбиесінің бұзылуы бала жанына қатты әсер ететінін, оның тәртіп жағынан құлдырап, құқық бұзуға дейін құлдырайтының дәлелдеп берді. Жасөспірімнің өсуіне тәртібіне, мінезінің қалыптасуына жоғарыда айтып кеткендей жанұя тәрбиесі зор.

Жасы толмағандар ісі жөніндегі инспекцияда есепте тұрған 9-13 жас аралығындағы құқық бұзушыларға арнайы ұсынылған анкета құқық бұзушылардың басым көпшілігінің жартыкеш жанұядан шыққандықтарын көрсетті. Осылардың ішіне сұрау салған 200 баларның (9-13) 23,5%- өз ата-анасымен тұрса, 36,0% -нің ата-анасы айырылысқан, 27,0%+-нің туған әкесі болмаса, 25,0%-нің тек өгей әкесі мен анасы 22% -нің ата-анасы ғана болып, солардың тәрбиесін алған.

XVIII-XIX-ғасырдың I –жартысында қазақ халқында жалпыға бірдей заң ретінде қолданылған «Қазақтардың жай құқығында» қылмыс кінәлі әрекет деп қарап қылмысты тек қана соған бейім адам ғана жасайды деген тұжырым жасалған, сонымен қатар ақыл-есі кем адам қылмыстың субъектісі бола алмайды. [3]- деп атап көрсетілген. Бұл заң негізіне сүйенсек, жас балалар заң бойынша 15 жасқа дейінгілер жас балалар болып есептелді. Өз әрекетін зардабын түсіне алмайтындықтан билер соты алдынан жауапқа тартылмаған. Ересектер қылмысы мен кәмелетке жасы толмаған балалар арасындағы қылмыстар бір- бірімен тығыз байланысты. Жасы толмағандар арасындағы қылмыстың түп тамырына түпкілікті балта шабу мүмкін емес. Алайда алдын алу, тежеу болашақтағы ересектер қылмысының азаюына қол жеткізері сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңы (ҚРҚК 15 бабы) қылмыстық жауапкершілік жасын жалпы қылмыстар үшін 16 жастан, ал саналы түрде істелген ауыр қылмыстар үшін ғана 14 жастан белгіленген. Дәл осындай қылмыстық жауапкершілік жасын Ресей Федеративтік Республикасы да (Ресей Қылмыстық кодексінің 10- бабы) белгіленген.

Осыларға сай, қылмыстық ұғымының кең криминологиялық мағынадағы ұғым екенін көре отырып оны барлық 7-9, 10-13, 14-16 жастағы балалар құқық бұзушылығын жиынтығы ретінде қарау орынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Жадыбаев С.Х. Правопорядок и поведение несовершеннолетних. Алма-Ата, 1982 г.
2. Бехтеров В.М. «Семья мен мектеп» М, 1996
3. Трофимов Н.Ф. Уголовная ответственность несовершеннолетних. М, 1988



УДК 328

ТРУДЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н.А. НАЗАРБАЕВА ПО МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

**генерал-майор Каракулов Кайдар Самигуллович, Командующий
войсками РгК "Юг".**

**полковник Темирбеков Нурлыхан Алимханович заместитель
начальника штаба - начальник оперативного управления штаба Управления
командующего войсками РгК "Юг"**

Аннотация. В статье рассматриваются библиографические работы Президента Республики Казахстан как первоисточника формирования исторического сознания казахов. Прослежен исторический процесс написания трудов на заре независимости до нынешнего времени по модернизации общественного сознания. В статье оценено историческое значение труда Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Взгляд в будущее: «модернизация общественного сознания») где показаны основные направления духовного богатства нынешнего времени, состоящие на страже по сохранению национального кода казахов: языка, традиций, духовности, культуры и истории казахского народа.

Наиболее масштабным историческим трудом Н.А. Назарбаева является работа: «В потоке истории» изданная в 1999 году, в которой последовательно изложена роль истории в судьбе нашего государства. В данном труде изложены неоспоримые свидетельства по преемственности поколений и сохранности исторической памяти народа. Эти понятия и термины формируют историческое самосознание и легли в основу, которой входит воспитание нынешней молодежи к уважению старшего поколения и повышению роли казахстанского патриотизма

Ключевые слова: Нурсултан Абишевич Назарбаев, историческое сознание, статья, тезисы, модернизация общественного сознания.

Түйіндеме. Мақалада Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің тарихи еңбектері қазақстандықтардың тарихи санасының қалыптасуы көзі ретінде қарастырылады. Тарихи еңбектердегі тәуелсіздіктен бастап қоғамдық сананың жаңғыруына дейінгі динамика қамтылған. Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттың мәдени кодының, яғни тіл, руханилық, салт-дәстүр, мәдениет және тарихтың сақталуын қамтамасыз ететін бүгінгі заманның басты бағыттары мен құндылықтары қамтылған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының мәні танылған.

Н.Ә.Назарбаевтың 1999 жылы жарияланған «Тарих толқынында» жаһандық тарихи еңбек болып табылады, бұл еңбекте тарихтың ел тағдырындағы рөлі мен Қазақстан тарихының генезисі нақты және анық көрсетілген.

Мақалада халықтың тарихи жадының қайта қалыптасуы мен сақталуы, оның қатысы тайға таңба басқандай айқын ұсынады. Бұл ұғымдар қазақстандық патриотизм рухында қазіргі жастарды тәрбиелеудің негізгі көзі ретінде қарастыруға болады.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасының Президенті, тарихи сана, сөз сөйлеу, баяндамалар, жүйелендіру, қоғамдық сананың жаңғыруы.

Abstract. The article considers the historical works of the First President of the Republic of Kazakhstan as a source of formation of the historical consciousness of Kazakhstan people. The dynamics of historical works from the beginning of independence to the modernization of public consciousness is traced. The significance of the programmatic article of the President of the Republic of Kazakhstan «Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity» («Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»), is shown, where the main guidelines and values of our time are formulated, which should ensure the preservation of the cultural code of the nation: the language, spirituality, traditions, culture and, of course, history.

The most global historical work of N.A. Nazarbayev is «In the history mainstream», published in 1999. It clearly shows the role of history in the future of the country and the genesis of the history of Kazakhstan.

The article emphasizes the restoration and preservation of the historical memory of the people, their involvement in it. These concepts form historical self-awareness, the basis of which is education of modern youth in the spirit of Kazakhstan patriotism.

Keywords: President of the Republic of Kazakhstan, historical consciousness, speeches, reports, systematization, modernization of public consciousness.

Благодаря стремлению казахстанского народа к самостоятельности, а также благодаря наличию Лидера, способного провести свой народ через все испытания, свершилось обретение суверенной независимости и поступательный прогресс в развитии общества. В Республике Казахстан созданы институты построения современного демократического государства. В стране на конституционной основе обеспечены права и свободы граждан, реализована свобода слова, совести и вероисповедания.

На всем постсоветском пространстве только нашей стране удалось сохранить надежность проводимой политики Первого Президента, межнациональное единение всех этносов проживающих в нашей стране, миролюбивую политику ко всем государствам. Мы осуществили переход от старой тоталитарной системы к формированию демократического гражданского общества, проводится

модернизация общественно-политической жизни страны. Мы стали свидетелями возрождения историко - культурного наследия наших предков, активно развивается творческий потенциал казахстанцев. Все основные положительные результаты деятельности казахстанского народа, сплотились вокруг единой великой цели «построение успешного Казахстана» на мировой арене.

Необходимо отметить что за всеми успехами и достижениями стоит конкретная историческая личность – это Лидер нации Н.А. Назарбаев, которому удалось сформировать и обозначить национальную идею и весь период находясь «у руля» уверенно повести страну к построению независимого, процветающего и политически стабильного Казахстана с присущим ему либеральным строем, национальным единством, мощными демократическими институтами, социальной справедливостью и экономическим благосостоянием всего населения[1].

Вся история Казахстана органично переплетается с историей народов мира и народами жившими на евразийском континенте, цивилизациями кочевников, истории тюрков и стран центрально азиатского региона. При этом надо отметить что предмет «История Казахстана» состоялся как учебная дисциплина общегосударственного масштаба, заметно повысилась ее значимость в современной казахстанской общеобразовательной системе [2].

На заре нашей независимости можно отметить выступление в декабре 1996 года Первого Президента на торжественном собрании, посвященному пятилетней годовщине независимости Республики Казахстан «Независимость Казахстана: уроки истории и современность», в своей статье Президент озвучил историю от Тюркского каганата, являющего основателем зарождения нашей страны до периода получения независимости и признания нашего государства всем мировым сообществом. «Дыхание истории за плечами нашего поколения - это не поэтическая метафора. Это высокая ответственность перед миллионами наших предков, перед великими правителями и батырами Степи, перед блестящей плеядой уникально одаренных государственных деятелей первой трети нынешнего столетия и прежде всего, перед народом, который после долгих лет вновь обрел свое место среди независимых государств» [2].

В 1997 году Президент Н.А. Назарбаев выступает с презентацией к участниками заседания Ассамблеи народов Казахстана на тему: «Историческая память, национальное согласие и демократические реформы - гражданский выбор народа Казахстана» [3]. Важность этого доклада заключалась в том, что Указом Президента 1997 год был официально объявлен «Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий» [4].

Н.А. Назарбаев в марте 1998 года организовал встречу с творческими и научными кругами страны, где он выступил со специальным докладом по своей оценке и внесения вклада в образование государства исторических персонажей и личностей, которую сыграли в истории казахов представители правящей элиты казахского ханства- ханы и султаны[5].

По нашему мнению, основополагающие сюжеты исторического развития казахского народа изложены в книге Н.А. Назарбаева «В потоке истории», изданной в 1999 году[6]. Данная книга является основным историческим трудом Первого Президента, где наиболее полно отражено его восприятие, значение и роль истории в формировании общественного сознания казахов. В книге рассмотрены оригинальные материалы по истории образования государств не только на территории современного Казахстана, но и всего континента Евразии, современную

интерпретацию истории стран Центральной Азии, озвучены исторические этапы «развития духовности». После опубликования данной книги в стране прошли широкие обсуждения научной общественностью, свидетельствам тому являются материалы из Архива Президента Республики Казахстан. Ярким примером востребованности данной книги является ее перевод на многие языки народов мира - на украинском и кыргызском в 1999 г., на монгольском и туркменском – в 2000 г., румынском и таджикском - в 2001 г., на турецком и иранском - в 2002 г., белорусском и узбекском в 2003 г. а также китайском в 2005 г.[7].

В конце 2012 г. Президент Республики Казахстан озвучил Послание - народу Казахстана - «Стратегия «Казахстан-2050» Новый политический курс состоявшегося государства» [8]. Наше государство досрочно выполнило программу развития до 2030 года, взяв курс на реализацию новой Стратегии «Казахстан-2050», активно приступило к диверсификации экономики, развитию транзитного потенциала, а также реализации инициатив в сфере духовной и культурной модернизации. В этом Послании ясно доведены до страны вопросы содержания исторического сознания казахстанцев и напрямую поставлена задача о необходимости проведения работы по формированию исторического и общественного сознания граждан нашей страны.

Самым актуальным и интересным на тот период времени стало интервью с Н.А. Назарбаевым, которое взяло агентство «Хабар» в августе 2014 г. по посещению Карагандинского региона, а также публикации статьи «Размышления у подножия Улытау» в газете «Казахстанская правда». В этой статье Лидер Нации обратил внимание на вопросы национальной истории, самоидентичности казахов, исторической символике и историческим фактам. При этом место, где проходило это интервью, сохранена в исторической памяти казахов, на что обратил внимание и сам Н.А. Назарбаев, рассказав о некоторых исторических событиях, связанных с этими памятными местами [9].

12 сентября 2015 г. в столице Казахстана Н.А. Назарбаев выступил с докладом на собрании, посвященному 550-летию образования Казахского ханства[10]. Основной упор доклада-презентации было посвящено историческому значению формирования и дальнейшего процветания Казахского ханства, как основополагающей платформы в развитии государственности на территории Казахстана. При этом он отметил значительный прогресс в исследовании национальной истории с периода обретения нашей независимости.

В 2004 году была создана уникальная государственная программа «Мәдени мұра», направленная на восстановление историко-культурных памятников и объектов на территории современного Казахстана. В программе заложены основы по изучению, охране, использованием и пропагандой культурного наследия страны, преемственностью развития и возрождения историко-культурных традиций, предусмотрены меры по созданию целостной системы изучения культурного наследия казахов, в том числе и современной национальной культуры, фольклора, традиций и обычаев, обобщению многовекового опыта национальной литературы и письменности, по реставрации памятников древности а также развитию материально- технической базы культурного наследия. Программа «Мәдени мұра» («Культурное наследие») – предназначена для достижения позитивных и культурных сдвигов в общественном сознании, ее модернизации, и в этом смысле она имеет важное идеологическое, общегосударственное значение. Владение культурным наследием - это основа исторической памяти народа, без которой не

будет восприятие истинного патриотизма. Это особенно важно для понимания обществом и воспитанию молодого поколения казахстанцев.

В 2013 году в стране утверждена программа «Халық тарих толқынында», позволившая нам системно собрать и изучить документы из ведущих мировых архивов, посвященных истории нашей страны. Это очень серьезный по своей содержательности и масштабности программный документ. С реализацией этого проекта выведет наш «Независимый Казахстан» на совершенно качественно новый уровень жизни, он адресован прежде всего молодому поколению казахстанцев. В данном документе озвучены духовные ценности современного Казахстана, а также актуальные проблемы, сталкивающиеся в обществе.

Лидером нации были сформулированы главные ориентиры и ценности нашего времени, которые должны обеспечить сохранение культурного кода нации: языка, духовности, традиций, культуры и истории. На основе вышеизложенного необходимо создать новую мировоззренческую модель, где отразилась уникальная история нашего народа – с горестями и бедами приходившие на нашу страну, а также незабываемыми и ярчайшими периодами возрождения и процветания.

Статья Первого Президента дает исчерпывающие ответы на целый ряд вопросов, которые давно беспокоят всех казахстанцев относительно «духовности» нашего общества и самого понятия «национальной идеи». В своей статье он обращается к молодёжи, говоря о сохранении своего генетического кода и идентичности. Проще говоря, сохранить свою национальную культуру, родной язык и исторические корни.

В последние годы мы являемся свидетелями случаев вторжения в жизнь государства с навязыванием системы ценностей, разрушающей устоявшуюся культурную среду. Политика подкрепленная идеологией становится мощным инструментом и оружием давления, в результате которого гибнут и превращаются в руины ранее экономически развитые государства. Для противостояния негативному внешнему влиянию, каждое государство ищет свои способы «национального иммунитета». В Республике Казахстан разработана собственная стратегия, где ставка делается на осмысление истории страны и традиционных духовных ценностей казахстанского народа.

Благодаря дальновидной политике и опыту Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева в ноябре 2018 года была опубликована его статья «Семь граней Великой степи», где он грамотно и на системной основе выстроил баланс между социально-экономическим и духовным развитием Казахстана[12].

За годы независимости были сформированы основы новейшей казахстанской исторической науки, изучен и переработан большой объем исторического наследия славных предков. В связи с проведением юбилейной даты «550-летия Казахского ханства» расширился вклад соседних регионов по строительству нашего государства. Все эти достижения были применены в образовательной среде, в культурном аспекте, национальной литературе и искусстве. Работа Президента «Семь граней Великой степи» становится еще одним рубежом в этом большом процессе. Размышляя над историей, Н.А. Назарбаев обращает внимание на собственное прошлое. Оценить роль и значение Великой степи в формировании глобальной истории. Знать историю своих предков - это основа духовности каждого человека. Без этого невозможно хвалиться крупными успехами и достижениями государства[13].

Модернизация общественного сознания является основным фактором модернизации всего образования, в том числе и военного. Становится мощным проводником по единению гражданского общества и армии, является мощным толчком по развитию профессиональных навыков в армейской среде, лидерских качеств, быть патриотом своей родины.

Список литературы

- 1) Лидер и независимость / М.Б. Касымбеков. - Алматы, 2010. - 200 с.
- 2) Мажитов С.Ф. Историческая наука Казахстана: современное состояние и тенденции развития: Монография / С.Ф. Мажитов. - Алматы, 2013. - 328 с.
- 3) Назарбаев Н.А. Историческая память, национальное согласие и демократические реформы - гражданский выбор народа Казахстана. - Алматы: Казахстан. 1997. - 72 с. 77.
- 4) Указ Президента Республики Казахстан от 30 декабря 1996 года № 3299 «Об объявлении 1997 года Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий» // Эстет. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. [Электрон. ресурс]. (дата: 29.09.2015).
- 5) Стенограмма встречи [Президента] Республики Казахстан Назарбаева Н.А. с творческой и научной интеллигенцией. - 17 марта 1998 г. // Архив Президента Республики Казахстан Ф. 5-Н, Оп. 1, Д. 8635.-Л. 1-66.
- 6) Назарбаев Н.А. В потоке истории. - Алматы: Атамура, 1999. - 296 с.
- 7) Труды Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в фондах Музея Первого Президента Республики Казахстан: Каталог / жалпы редакциясын басқарған. А.С. Сағынғали, Б.Г. Мухамеджанов, К.К. Ақтаева. - Астана: Казахстан Республикасы Тунғыш Президентінің Музейі, 2010. - 42 б.
- 8) Послание Президента Республики Казахстан-Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства. - 14 декабря 2012 г. //
- 9) Размышления у подножия Улытау // Казахстанская правда. - 26 августа 2014 г., № 165 (27786), С. 1-2.
- 10) Выступление Президента Казахстана Н. Назарбаева на торжественном собрании, посвященном 550-летию Казахского ханства // Официальный сайт Президента Республики Казахстан. [Электрон.ресурс].(дата обращения: 12.09.2015).
- 11) Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // Казахстанская правда. - 2017. - 13 апреля
- 12) Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи // Казахстанская правда. 21 ноября 2018 года. - № 223. - С. 1-2
- 13) Сыдыков Е. Созидательная история Великой степи // Казахстанская правда. - 26 ноября 2018 года. - № 226. - С. 1-2



ӘӨЖ: 4414**ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТ****Құқықтану мамандығы 1 курс Тохтар Азизат Естиарқызы
Ғылыми жетекшісі: Курманалиева Н.С.
Халықаралық Тараз Инновациялық Институты
Заң факультеті**

Мақалада жалпы Конституциялық құқық — адам, мемлекет пен қоғамның өз тіршілік әрекетін құруына өте қажетті оған лайықты басты ережелерді көрсетеді. Мемлекеттік билікті жүзеге асырумен байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастар конституциялық құқықтың пәнін құрайды. Біздің елімізде әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамаларын сақтауға, басқа тұлғалардың құқықтары мен еркіндіктерін, ар-ожданы мен абыройын қастерлеуге міндетті екендігін айқын жазылған. Аталған талаптар сақталмаған жағдайда оны бұзушыларға мемлекеттік органдардың алдында (полиция, прокуратура, сот) жауап беруге тура келеді. Конституциялық құқық қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған әдістер мен тәсілдер арқылы реттейді.

В статье показаны общие конституционные права - основные правила, которые очень важны для личности, государства и общества в построении своей жизни. Возникает в связи с выполнением государственной квалификации. В нашей стране написано, что аким обязан соблюдать новые положения Конституции Республики Казахстан, уважать достоинство других людей, свободу и достоинство. В нашей стране четко сказано, что каждый обязан соблюдать Конституцию и законы Республики Казахстан, уважать права и свободы, совесть и достоинство других. В случае несоблюдения этих требований нарушителям придется отвечать перед государственными органами (полиция, прокуратура, суд). Конституционное право регулирует общественные отношения посредством методов и подходов, направленных на правовое регулирование.

The article shows the general constitutional rights - the basic rules that are very important for the individual, the state and society in building their lives. Occurs in connection with the implementation of state qualifications. It is written in our country that the akim is obliged to comply with the new provisions of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, respect the dignity of other people, freedom and dignity. In our country it is clearly stated that everyone is obliged to observe the Constitution and laws of the Republic of Kazakhstan, respect the rights and freedoms, conscience and dignity of others. In case of non-observance of these requirements, violators will have to answer before state bodies (police, prosecutor's office, court). Constitutional law regulates public relations through methods and approaches aimed at legal regulation.

Осыдан 20 жыл бұрын - 1995 жылдың 30 тамызында жас мемлекетіміздің болашаққа нық қадамымен қабылданған Конституция— тәуелсіз, егемен мемлекеттің конституциялық және құқықтық дамуының жаңа дәрежесіне жол ашқан маңызды мемлекеттік құжат болды. Бұл құжат қазақ бұқарасының демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға жаңа жол ашып, бейбітшілік пен ұлтаралық достастық, татулықты қамтамасыз ететін, халқымыз үшін бейбіт заманды қалыптастыра отырып қабылдады. Конституция мемлекетімізді демократиялық, құқықтық, бейбіт және зайырлы мемлекет ретінде орнықтырумен қатар мемлекеттің басты мақсаттарына сүйене отырып Қазақстан мемлекетінің ең жоғары құндылығы – адам, адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп белгіледі. Сонымен қатар Конституция еліміздің тарихи қалыптасуына, әлеуметтік дамуына және де салт-дәстүрінің ерекшеліктеріне байланысты қазақ елінің приоритеттерін қолдай отырып қабылданды. Осы қағидаларды ескере отырып, әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру мақсатында, ұлттың ұлы идеясын ұстанып отырған мемлекетіміздің өмірінде, құқықтық мемлекетті құру жолында саяси реформалар ерекше орын алады. Қазіргі кезде аса дамыған елдерде құқықтық мемлекет принциптерінің іске асуына көз жеткізіп жатырмыз. Бүгінгі бейбіт заманда құқықтық мемлекет — үнемі даму үстіндегі құбылыс болып табылады. Қоғамда болып жатқан әр түрлі процестерге үңіле отырып, жақсы қасиеттерді бойына қабылдап, қоғамның дамуында болып жатқан жағдайларға сай келетін жаңа мазмұндармен толығып жатыр. Құқықтық жүйенің фундаменті, мемлекеттің негізгі құқықтық құжаты. Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық қоғам, құқық салаларының заңдық базасы, ал оның нормалары басқа нормалар үшін— жетекші фундаменттік қағида. Егемен Қазақстанның тарихында орын алған 1993 жылғы Конституциямен қоса, бұл 1995 жылғы Конституция да саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын іске асырудың, еліміздің құқықтық кеңістігінде терең өзгерістер жасаудың заңды нәтижесі болып табылды.

1995 жылы қабылданған Конституция еліміздің экономикалық, әлеуметтік табыстарға жетуіне, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуіне, қазақстандық әрбір отбасының әл-ауқатының артуы мен өмір сүруі деңгейінің өсуіне, Қазақстанның демократиялық дамудың жаңа кезеңіне аяқ басуына берік тұғыр жасап берді. Олай болса, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясы құқықтық мемлекетті қалыптастыру мен қоғамды демократияландыру жолындағы тарихи маңызды белес болды. Әрі мемлекетіміздің жаңа экономикалық бағытта дамуының құқықтық негізін қалаған, жалпы адамзаттық құндылықтарды, негіздерді таныған, шынайы конституционализмнің орнығуын жалғастырған Негізгі Заң болып табылды.

Мемлекет дамуының жаңа дәуірінде әлеуметтік әділ мемлекет орнықтыру бағыты қуатты серпінге ие бола отырып, Конституцияның мемлекеттілік құрылыс саласындағы ережелер мен нормаларының қолданылуының тиімділігін арттыру, адамның және азаматтың әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру жөніндегі жұмыстарының қарқынын жеделдетуді талап етеді. Осы тұрғыда, билік органдарының, азаматтық қоғам институттарының және азаматтардың ең басты міндеті қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, ел Конституциясының ережелері мен нормаларын құрметтеу жағдайында жұмыс жасауы өте маңызды. Конституцияда көрініс тапқан, бекітілген құндылықтар мен адам толыққанды игерген нақты құндылықтар сәйкес келгенде ғана әлеуметтік теңдік орнайды. Адамның құқықтары

мен бостандықтар мазмұны заңда көрініс табу арқылы оның практикада қолданылуын анықтайды.

Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдерінде құқықтардың немесе бостандықтардың нақты бір түрінің конституциялық құқық деңгейіне жеткізілуі және Конституцияда оның кепілділігінің жариялануы мемлекеттің осы құқықтар мен бостандықтарды өзі құрайтын жүйелер мен құрылымдар арқылы жүзеге асыруды қамтамасыз етуді міндетіне алғандығын білдіреді, деп бірнеше рет түсіндірілген болатын.

Мемлекет үшін адамға, оның материалдық жағынан әл-ауқаты болуына қамқорлық жасаудан аса маңызды міндет жоқ. Мемлекет адамның лайықты өмір сүру үшін қолынан келген барлық жағдайды жасауға міндетті. Ел Конституциясында әлеуметтік мемлекет құрудың мәні дегеніміз мемлекеттің қажетті экономикалық, әлеуметтік және құқықтық жағдайлар жасай отырып, неке мен отбасы, ана мен әке және бала, азаматтардың денсаулығы және білімі, олардың әлеуметтік қамсыздандырылуы сияқты мәселелердің өкімет тарапынан қорғалуын қамтамасыз ететініне кепілдік беретінімен түсіндіріледі.

Республиканың Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Кез келген экономикалық жетістіктер мен геосаяси жеңістер, әрбір адамның әл-ауқатының артуына әкелмесе, оның үлкен мәні де, құны да болмайды» деген еді. Елбасы әрқашан, тіпті экономикалық дағдарыс күшіне мініп тұрған жылдарда да жүргізіп жатқан саясатының басты бағыттарының бірі қазақстан халқының әл-ауқатын көтеру мәселесі болғаны қазақстан халқына аян.

Конституция адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітіп, еліміздің азаматтарының құқық алдындағы теңдігін қамтамасыз етті, бұлар сөзсіз қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру және тұрмыс сапасын жақсарту үшін қолайлы жағдай жасайды. Неке мен отбасы, ана мен баланы қорғау, сондай-ақ ата-ананың конституциялық міндеттерін орындау конституциялық мәні бар құндылықтар мен мақсаттарға жатады.

Мысалы, қазақ қоғамының ерекшеліктерін білетін Ш.Уәлиханов қазақтардың әдет құқығы туралы бірсыпыра еңбектерді жазды. Қазақ құқығының мәселелерін ол кең шеңберде қарады, яғни тарихи дамуында және өзіне замандас уақыт жағынан. Ол қазақ әдет құқығын, мұсылман құқығын, ресейлік заңдарын терең біліп, оларды салыстырып, жақсы және жаман жақтарын көрсетті. Қазақстанның құқық ғылымы үшін Ш.Уәлихановтың қазақ құқық тарихы туралы, оның әлеуметтік мазмұны мен келешегі туралы айтқан пікірлерінің маңызы зор. Уәлихановтың пікірінше, «қазақ құқығы рулық құрылыс дәуірінде қалыптаса бастады және ұзақ тарихи дамудың нәтижесі болып шықты. Қазақстанның жерінде мекендеген, кейін қазақ халқының құрамына кірген рулар мен тайпалардың әлі монғолдардың шапқыншылығына дейін әдет-ғұрыптары мен «рулық құқықтары» болған. Бұларды Шынғысхан жоя алмады» деген ойшылымыз. Жалпы бізге дейін жүз жылдар бойы, мүмкін, мың жыл өмір сүрген әдеттік құқылық нормалар туралы Ш.Уәлиханов өзінің белгілі «Записка о судебной реформе» атты еңбегінде жан-жақтан талқылап жазған Қарап отырсақ, құқықтық жүйе, мемлекеттегі құқықтың орны туралы көптеген ойлар Батыс елдерде ғана емес, өз елімізде де дамыған. Ал мұндай идеялар тек қана теориялық деңгейде емес, тәжірибелік деңгейге де жеткені қазіргі уақытта көрініс тауып отыр.

Бүгін біз Қазақстан Республикасы тәуелсіздікті ала отырып, құқықтық мемлекет қалыптастыру ниетіне беріктігін көрсетуде деп айталамыз. Осыған орай Ел басшымыз Н.Ә. Назарбаев отанымызда толық демократияға бет алған жолымыздағы

шешуге тиісті бірінші міндетіміз — шынайы құқықтық мемлекет құру қажет деп белгілейді. Оның ойынша: «Бұл мемлекетте мемлекеттік құрылымдар, саяси процестің басқа барлық субъектілері де, барлық азаматтар да заңдарға ғана сәйкес еңбек етіп, өмір сүруге тиісті. Бұл арада халықты заңдарға өз ықтиярымен бағынуды мойындамайтын, олардың сақталуы мемлекеттің мәжбүрлеуін қамтамасыз етілетін мемлекет бола алмайтынын баса көрсеткен жөн. Сондықтан да құқықтық мемлекет қоғам мен халықтың құқықтық санасының жоғарлығымен сипатталады» Зерттеушілер құқықтық мемлекет негізгі принциптеріне, біріншіден, қоғам ішінде адамның өзінің құқықтары мен міндеттерін жатқызады. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы және қоғамдық өмірінің барлық салаларын табанды түрде демократияландыруымен тығыз байланысты. Бұл жолда мынадай нақты талаптар қажет: өркениетті заңдылық принципін сақтау, оларды нығайту және бұзбау, құқықты құрметтеу. Ол үшін қоғамның жалпы мәдениеттілігін, әсіресе құқықтық мәдениеттілігін көтеру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда біздің мемлекетімізде атқарылатын жұмыстар жетерлік. Олардың ішінде ең негізгісі — ол 1995 жылы қабылданған Конституция. Ол қабылданғаннан кейін Қазақстан өзінің одан әрі даму жолын түпкілікті таңдап алды. Бүкіл халықтық референдумда қабылданған осы Негізгі Заң, шын мәнінде, қоғамдық келісімге айналды. Сол бойынша өкімет Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетке айналдыруды өзіне басты міндет етіп алды, ал азаматтар Конституцияны және еліміздің заңдарын бұлжытпай орындауға жауапкершілікті өз мойындарына қабыл етті. Осындай өзара міндеткерлік қоғам мемлекеттің одан әрі нәтижелі дамуына тиянақты негіз қалыптастырады және біздің болашаққа сеніммен қарауымызға мүмкіндік береді.

Қазақстан заңнамасы үшін көптеген құқықтық салалары тіптен жаңа болғанына көзіміз жетуде. Біздің мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан бері көптеген заң актілерін талдау арқылы негізге көшіп, оны кеңістік заңдармен салыстырғанда өзгеше әлеуметтік-саяси жүйеге негізделуі көрінеді. Құқықтық жолды таңдаған қандайда да бір мемлекет болмасын, оның басты көрсеткіші заңдылықты мойындау, заңды қатаң ұстауды талап етеді. Біздің қоғамымызда құқықтық бағдар халықтың сайланған Парламенттің қабылдаған заңдары арқылы қалыптасады және сол арқылы бар мемлекеттік істер жүзеге асады. Сондықтан Парламент заң шығарушы қызметін жетілдіру керек. Заң шығарушы қызмет парламенттік депутаттың қызметтілігі мен кәсібилігі, біліктілігінен тікелей тәуелді. Парламенттік қызметіне ашықтық пен сабақтастық қажет деген пікірмен келісуге болады. Жалпы, әділ бәсекелестік сайлау принциптері негізінде қалыптастырылған парламенттік қызмет құқықтық мемлекеттің белгісі болып табылады.

Қазақстандағы құқықтық мемлекет құру жолында кейінгі уақытта тәуелсіз мемлекетіміздің барлық салаларын қамтитын көп заңдар, заңнамалық актілер, заңдық күші бар Президентік жарлықтар қабылданғаны туралы айтылған болатын. Еліміздің Конституциясында құқықтық мемлекет құру стратегиясы күн тәртібіне қойылғаны да белгілі.

Пайдаланған әдебиттер:

1. ҚР-ң Конституциясы 1995 ж. 30 тамыз
2. ҚР Қылмыстық процестік кодексі 04.07.2014 ж.
3. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі 31.10.2015 ж.
4. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексі 05.07.2014 ж.

5. Өміржанов Е. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық.- Алматы: Жеті Жарғы, 2015.176б <http://ecat.tigu.kz/>
6. Сапарғалиев, Ғ., Ибраева, А.Мемлекет және құқық теориясы : Оқулық. . - 2-ші бас. - Астана: Фолиант, 2011. - 356 б. - (Кәсіптік білім). - ISBN 978-601-271-034-2.
7. Өміржанов, Е Мемлекет және құқық теориясы : Оқулық. . - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - 176 б. - ISBN 978-601-288-100-4 <http://rmebrk.kz>.
8. Матузов, Н.И., Малько, А.В. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. - Алматы: АйСан-Пресс, 2013. - 583б. -ISBN 978-601-80304-3-7 <http://rmebrk.kz>.
9. Мұсатаев, С. Ш. Қазақстанның саяси ойы: оқу құралы / С. Ш. Мұсатаев. — Алматы : Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2014. — 290 с. — ISBN 978-601-04- 0733-6. — Текст : электронный // Электронно-библиотечная система IPR BOOKS : [сайт]. — URL:<http://www.iprbookshop.ru>
10. Мазарчук, Д. В. История политических и правовых учений: ответы на экзаменационные вопросы / Д. В. Мазарчук. — Минск : ТетраСистемс, Тетралит, 2014. — 128 с. — ISBN 978- 985-7067-91-6. — Текст : электронный // Электронно-библиотечная система IPR BOOKS : [сайт]. — URL: <http://www.iprbookshop.ru>
11. Антология мировой политической мысли: В 5 т. -Т. I: Зарубежная политическая мысль: истоки и эволюция. Т. II: Зарубежная политическая мысль: XX в. Т. III: Политическая мысль в России: Вторая половина XIX – XX вв. Т.
12. Аль-Фараби. Афоризмы государственного деятеля // Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алматы 2011г.



ӘӨЖ 340.12

**АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ:
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР.**

А.Асқарбекқызы

**Халықаралық Тараз инновациялық институты, Желтоқсан 69 «Б»,
«Заң» факультеті, «Мемлекеттік-құқықтық пәндер» кафедрасының
з.ғ.м.,**

Аға оқытушысы

Жыргалбекқызы Анара

**Халықаралық Тараз инновациялық институты, Желтоқсан 69 «Б»,
«Заң» факультеті, «Мемлекеттік-құқықтық пәндер» кафедрасының
з.ғ.м., оқытушысы**

Түйіндеме: Ұсынылған мақала адам құқықтары мен бостандықтарын дамытудың мынадай проблемаларын қарастырады: бірыңғай терминологияның және терминдерді біріздендірілген түсіндірудің болмауы; адам құқықтарын реттеудің ұлттық ерекшеліктерін жоғалтқанға дейін еуропалық стандарттарды абсолюттандырау; кейбіреулердің құқықтары мен бостандықтарын оларды басқалардың іске асыруының негізгі шарты ретінде шектеу. Бұл құқықтарды қорғаудың бейбітшілікті, даму мен демократияны сақтау үшін де маңызы зор. Сондықтан адам құқықтарын құрметтеу халықаралық құқық пен сыртқы саясаттың ажырамас бөлігіне айналды.

Резюме: Представленная статья рассматривает такие проблемы развития прав и свобод человека как: отсутствие единой терминологии и унифицированных толкований терминов; абсолютизация европейских стандартов до утраты национальных особенностей регулирования прав человека; ограничение прав и свобод одних в качестве основополагающего условия реализации их другими. Так же значение защиты этих прав для сохранения мира, развития и демократии. Поэтому уважение прав человека стало неотъемлемой частью международного права и внешней политики.

Resume: Submitted article about such problems of development of human rights and freedoms as: the lack of a uniform terminology and the same interpretations of the term; and the absolutization of European standards with the loss of national specific regulation of human rights; and restriction of rights and freedoms as a fundamental conditions of exist its for other. Also the importance of protecting these rights for the preservation of peace, development and democracy. Therefore, respect for human rights has become an integral part of international law and foreign policy.

Түйінді сөздер: Адам құқықтарын халықаралық қорғау, адам құқықтары бойынша біріздендірілген терминдерді түсіндіру, адам құқықтарының еуропалық стандарттары, ұлттық бірегейлілік, құқықтар мен бостандықтарды шектеу.

Ключевые слова: Международная защита прав человека, толкование унифицированных терминов по правам человека, европейские стандарты прав человека, национальная самоидентичность, ограничение прав и свобод.

Keywords: Human rights of the international protection of human rights, human rights on unified terms interpretation of the human rights, European standards of human rights, national self-identity, rights and freedoms restriction of the rights and freedoms.

Жиырма бірінші ғасырдағы мәдени айырмашылықтар негізінде тұжырымдамаларды дамытудың өзектілігі мен адам құқықтарына қатысты зерттеулерді жүзеге асыру күшейе түсуде. Қазіргі әлемде адам құқықтарының даму проблемаларына заңгерлер, әлеуметтанушылар, философтар, саясаттанушылар және гуманитарлық ғылымдардың басқа өкілдері көп көңіл бөледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасы адам құқықтарын еркін демократиялық қоғам құру үшін қажетті іргелі қағидаттар ретінде таниды, қорғайды және көтермелейді. Адам құқықтары жөніндегі қолданыстағы шарттардың көпшілігін ратификациялау және олардың ұлттық заңнама шеңберінде тікелей қолданылуын қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті, сондай-ақ олардың өз міндеттемелерін сақтауы және орындауы жөніндегі қажетті шара болып табылады. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы (Конституция) және Республиканың бірқатар заңдары адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ заң шығарушы биліктің адам құқықтарын сақтауға негізделген елдің демократиялық дамуын қолдауға деген шешімін растайды.

Ұзақ уақыт бойы адамның құқықтары мен бостандықтарын реттеу және қорғау мемлекеттің ерекше бақылауында болды және оның егемендігіне бағынады ([1] Незабитовский В.А. Собрание сочинений. – К., 1884. 109-110 б.). БҰҰ Жарғысының қабылдануымен және оның негізінде адам құқықтары саласындағы көптеген халықаралық келісімшарттардың негізінде адам құқықтары мен бостандықтарын реттеу және қорғау жағдайы түбегейлі өзгерді және мемлекеттік егемендік пен ұлттық заңнаманы мемлекеттің халықаралық міндеттемелерімен үйлестіру проблемасын тудырды.

Жеке қауіпсіздік институтын халықаралық реттеудің тарихи тәжірибесін бағалай отырып, тиісті халықаралық құқықтық институттың дамуы ұлттық құқықтық жүйелерге тән процестерді және құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың ішкі механизмінің тиімділік дәрежесін көрсететінін ескеру қажет.

Бастапқыда ұлттық заңнамаға басымдық берілді: Сан-Францискода өткен конференцияда БҰҰ Жарғысын әзірлеу кезінде де бұл ереже мен адам құқықтары мен оның негізгі бостандықтарын тікелей қорғау әр мемлекеттің ішкі ісі болып табылады, сондықтан адам құқықтарын құрметтеуді көтермелеу және дамыту қажеттілігі бар. Бұл ұсыныс БҰҰ Жарғысында қабылданды және жазылды (1-баптың 3-тармағы). Адам құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғауда ішкі құқықтың басымдығы көптеген мемлекеттердің ұлттық заңнамасында да бар. Мысалы, ұқсас норма Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабында 1-тармағында бекітілген: "Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не, тиісінше, бекітілмейді және күшіне енгізілмейді". Конституциялық нормада мемлекетшілік кепілдіктерге басымдық беріледі, өйткені әрбір адамның адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі мемлекетаралық органдарға жүгінуге құқығы бар. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабында 2-тармағында мұндай құқық адамның осындай құқығы болғандықтан емес, мемлекет бұл мәселе бойынша өзінің мемлекеттік еркін білдіргендіктен туындайды: "Конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың

Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды". Демек, егер Қазақстан Республикасы мұндай шарт жасаспаса, онда нақты адамның мемлекетаралық органдарға жүгіну құқығы туындамайды.

Мемлекеттік кепілдіктердің басымдылығы конституциялық құқық тұрғысынан мемлекет құрылған сәттен бастап егемендікке ие болатындығымен анықталады, ол осы мемлекетті өз аумағында және одан тыс жерлерде басқа ерік-жігерден тәуелсіз етеді.

